

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**

**Мамандығы:** Заңтану

**Шифр:** 6M030100

**Пән:** Судьяның құқықтық мәртебесі

**1-тақырып. Сот билігінің түсінігі.**

**Түйінді сөздер:** сот билігі, сот төрелігі, судьяның тәуелсіздігі.

**Негізгі сұрақтар:**

1. Сот билігінің түсінігі
2. Сот билігінің мәні
3. Судьялардың тәуелсіздігі

**Дәріс тезистері:**

Қазақстан Республикасында сот билігі тұрақты судьялар, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған алқа заседательдері арқылы соттарға ғана тиесілі.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

Соттың ерекше өкілеттігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салады.

Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ.

Сот ісін қарау тәртібімен қаралуға тиіс өтініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа ешқандай органның, лауазымды немесе өзге де адамдардың қарауына немесе бақылауға алуына болмайды.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың Республиканың Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғалуға кепілдік беріледі.

Ешкімді де оның ісін заңның барлық талаптары мен әділеттілікті сақтай отырып құзыретті, тәуелсіз және алаламайтын соттың қарау құқығынан айыруға болмайды.

Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін заңдарды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді.

Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді. Сот ісін жүргізудің белгіленген тәртібіне қарамастан берілген сот істері бойынша, сондай-ақ соттың құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша өтініштерді сот қараусыз қалдырады немесе тиісті органдарға жібереді.

Сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Сот актілері мен судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті. Сот актілері мен судьяның талаптарын орындамау заңмен

белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Соттар ғимараттарына және сот отырысы залдарына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы орнатылады және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі қойылады.

Судьялар сот төрелігін судья мантиясын киіп жүзеге асырады, оның нысаны мен сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. Сот билігінің түсінігі
2. Сот билігінің мәні немен анықталады
3. Судьялардың тәуелсіздігінің қандай кепілдіктері бар

## **2-тақырып. Қазақстан Республикасының сот жүйесі .**

**Түйінді сөздер:** сот жүйесі, жергілікті соттар, мамандандырылған соттар, сот жүйесінің бірлігі, сот төрағасы, сот алқасы.

**Негізгі сұрақтар:**

1. ҚР сот жүйесі
2. ҚР сот жүйесінің бірлігі
3. Аудандық және оған теңестірілген соттар
4. Облыстық және оған теңестірілген соттар
5. ҚР Жоғарғы Соты

**Дәріс тезистері:**

Қазақстан Республикасының сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты және Қазақстан Республикасының Конституциясына және осы Конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті соттар құрайды.

Қандай да болмасын атаумен арнаулы және төтенше соттар құруға жол берілмейді.

Жергілікті соттарға мыналар жатады:

1) облыстық және оларға теңестірілген соттар (Республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары, мамандандырылған сот - Қазақстан Республикасының Әскери соты, мамандандырылған қаржылық соттар және басқалар);

2) аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық, ауданаралық, мамандандырылған сот - гарнизонның әскери соты және басқалар).

Қазақстан Республикасында мамандандырылған (әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және басқа) соттар құрылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен жергілікті соттардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы мен өзінің атауы бейнеленген мөрі болады.

Қазақстан Республикасы сот жүйесінің бірлігі:

1) Конституцияда, осы Конституциялық заңда, іс жүргізу және өзге де заңдарда белгіленген, барлық соттар мен судьялар үшін ортақ және бірыңғай сот төрелігі принциптерімен;

2) сот билігін барлық соттар үшін сот ісін жүргізудің заңдарда белгіленген бірыңғай нысандары арқылы жүзеге асырумен;

3) Қазақстан Республикасының барлық соттарының қолданыстағы құқықты қолдануымен;

4) заңдарда судьялардың бірыңғай мәртебесін баянды етумен;

5) заңды күшіне енген сот актілерін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындаудың міндеттілігімен;

б) барлық соттарды тек қана Республикалық бюджет есебінен қаржыландырумен қамтамасыз етіледі.

Аудандық және оларға теңестірілген соттарды құру. Аудандық және оларға теңестірілген соттарды (бұдан әрі - аудандық соттар) уәкілетті органның Жоғарғы Сот Төрағасымен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

Қазақстан Республикасының Президенті бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктерде бір аудандық сот немесе бір әкімшілік-аумақтық бірлікте бірнеше аудандық сот құруы мүмкін.

Аудандық соттар үшін судьялардың жалпы санын уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Әрбір аудандық сот үшін судьялардың санын осы сот төрағасының ұсынысы негізінде уәкілетті орган белгілейді.

Аудандық сот Конституцияда және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен тағайындалатын төрағадан және судьялардан тұрады.

Егер аудандық сотта штат бойынша бір судья (бірқұрамды сот) көзделсе, ол осы соттың төрағасы өкілеттігін атқарады.

Аудандық сот бірінші инстанциядағы сот болып табылады.

Аудандық сот:

- 1) өзінің қарауына жатқызылған сот істерін және материалдарын қарайды;
- 2) сот статистикасын жүргізеді;
- 3) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудандық соттың төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

- 1) сот судьяларының сот істерін қарауын ұйымдастырады;
- 2) соттың кеңсесіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 3) азаматтарды қабылдауды жүргізеді;
- 4) судья лауазымына кандидаттардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді;
- 6) өкімдер шығарады;
- 7) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудандық соттың төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда осы сот төрағасының өкімі бойынша төраға міндеттерін атқару осы сот судьяларының біріне жүктеледі.

Бірқұрамды сот төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда оның міндетін атқару аумақтық уәкілетті орган басшысының ұсынысы бойынша облыстық сот төрағасының өкімімен басқа соттың судьяларының біріне жүктеледі.

Облыстық және оларға теңестірілген соттарды уәкілетті органның Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасымен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

Облыстық соттар судьяларының жалпы санын уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Әр облыстық сот үшін судьялардың санын осы сот төрағасының ұсынысы негізінде уәкілетті орган белгілейді.

Облыстық соттың құрылымы мен құрамы. Облыстық сот төрағадан, алқалар төрағаларынан және судьялардан тұрады.

Облыстық соттың органдары мыналар:

- 1) қадағалау алқасы;
- 2) азаматтық істер жөніндегі алқа;
- 3) қылмыстық істер жөніндегі алқа;
- 4) соттардың жалпы отырысы.

Облыстық соттың өкілеттігі:

- 1) өзінің қарауына жатқызылған сот істерін және материалдарын қарайды;
- 2) (Алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 199 Конституциялық заңымен)

3) сот тәжірибесін зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша облыс соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

- 4) облыс соттарының әкімшісі қызметін бақылауды жүзеге асырады;
- 5) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Облыстық сот алқалары. Облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі алқасы мен қылмыстық істер жөніндегі алқасын - алқалар төрағалары басқарады.

Әрбір алқадағы судьялар саны сот төрағасының ұсынысы бойынша жалпы отырыста белгіленеді.

Азаматтық істер жөніндегі алқа мен қылмыстық істер жөніндегі алқа жалпы отырыста талқылағаннан кейін дербес құрамын сот төрағасы белгілейтін судьялардан тұрады.

Сот төрағасы азаматтық істер жөніндегі алқа мен қылмыстық істер жөніндегі алқада мамандандырылған құрам түзуі мүмкін.

Облыстық сот төрағасы. Облыстық соттың төрағасы судья болып табылады және судьяның міндеттерін атқарумен қатар:

- 1) судьялардың сот істерін қарауын ұйымдастырады;
- 2) қадағалау алқасын басқарады, алқаларда сот істерін қараған кезде төрағалық етуге құқылы;
- 3) қажет болған жағдайларда бір алқаның (қадағалау алқасынан басқа) судьяларын басқа алқаның құрамында іс қарау үшін тартады;
- 4) облыстық соттың жалпы отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;
- 5) алқа төрағасы уақытша орнында болмаған кезде оның міндетін атқаруды алқа судьяларының біріне жүктейді;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді;
- 7) соттың жалпы отырысының ұсынысы негізінде Әділет біліктілік алқасына судья қызметіне кандидаттың тағылымдамадан өту нәтижелері туралы қорытынды жібереді;
- 8) сот тәжірибесін зерделеуді ұйымдастырады;
- 9) өкімдер шығарады;
- 10) соттың кеңсесіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 11) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;
- 12) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Облыстық сот төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда оның міндеті өзінің өкімі бойынша сот алқалары төрағаларының біріне жүктеледі.

Облыстық сот төрағасы орнынан түскен не өкілеттіктерін мерзімнен бұрын өзгедей тоқтатқан жағдайда, оның міндеттері уәкілетті органның шешімі бойынша сот алқалары төрағаларының біріне жүктеледі.

Облыстық сот алқасының төрағасы. Облыстық сот алқасының төрағасы судья болып

табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

- 1) алқа судьяларының сот істерін қарауын ұйымдастырады;
- 2) алқа отырыстарында төрағалық етеді;
- 3) сот төрағасына алқа құрамында мамандандырылған құрам жасақтау жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 4) сот тәжірибесін зерделеу әрі жинақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;
- 5) соттың жалпы отырысына алқа қызметі туралы хабарлама ұсынады;
- 6) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Алқа төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда сот төрағасы оның міндетін атқаруды алқалар судьяларының біріне жүктейді.

Облыстық соттың жалпы отырысы. Облыстық сот қажетіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет жалпы отырыстар өткізеді, оларда:

- 1) алқа құрамының санын белгілейді және қадағалау алқасының құрамына судьялар сайлайды;
- 2) сот жұмысының жоспарын талқылайды;
- 3) алқалар төрағаларының хабарламаларын тыңдайды;
- 4) сот практикасын талқылайды және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша облыс соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

5) уәкілетті органға белгілі бір адамды облыс соттарының әкімшісі қызметіне тағайындауға келісін береді;

6) облыс соттары әкімшісінің өз қызметі туралы есебін тыңдайды;

7) аудандық сот төрағасы қызметінің бос орнына кандидатураларды қарайды және оның нәтижелері бойынша тиісті қорытындылар жасайды;

8) уәкілетті органға облыс соттары әкімшісін қызметтен босату туралы ұсыныс енгізеді;

9) судья қызметіне кандидаттардың тағылымдамадан өту қорытындыларын қарайды және Әділет біліктілік алқасына тиісті қорытынды береді;

9-1) сот төрелігін іске асыру бойынша төмен көрсеткіштері немесе сот істерін қарау кезінде заңдылықты бұзғаны үшін екі және одан да көп тәртіптік жазасы бар судьяға қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды және талқылау қорытындылары бойынша тиісті шешім шығарады;

10) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;

Жалпы отырыс облыстық сот судьялары жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болады. Облыстық соттың жалпы отырысының жұмыс тәртібі ол бекіткен регламентпен анықталады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соттың өкілеттігі. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жалпы юрисдикция соттарының қарауына жатқызылған азаматтық, қылмыстық және өзге істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады және сот практикасының мәселелері бойынша түсіндірмелер береді.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты:

1) өзінің қарауына жатқызылған сот істері мен материалдарын қарайды;

2) сот практикасын зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша Республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

3) сот практикасында заңдарды қолдану мәселелері бойынша түсіндірмелер беретін нормативтік қаулылар қабылдайды;

4) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жоғарғы Соттың құрылымы мен құрамы. Жоғарғы Сот Төрағадан, алқа төрағаларынан және судьялардан тұрады. Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

Жоғарғы Соттың органдары мыналар:

- 1) қадағалау алқасы;
- 2) азаматтық істер жөніндегі алқа;
- 3) қылмыстық істер жөніндегі алқа;
- 4) соттың жалпы отырысы.

3. Жоғарғы Соттың жанынан ғылыми-консультациялық кеңес және баспа органы құрылады.

Жоғарғы Сот алқалары. Жоғарғы Соттың қадағалау алқасын, азаматтық істер жөніндегі алқасын және қылмыстық істер жөніндегі алқасын алқалардың төрағалары басқарады.

Әр алқадағы судьялардың саны және олардың дербес құрамы Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша жалпы отырыста белгіленеді.

Жоғарғы Соттың Төрағасы алқаларда мамандандырылған құрамдарды құруы мүмкін.

Жоғарғы Сот Төрағасы. Жоғарғы Соттың Төрағасы судья болып табылады және судья міндетін атқарумен қатар:

- 1) судьялардың сот істерін қарауын ұйымдастырады;
- 2) алқада сот ісін қараған кезде төрағалық етуге құқылы;
- 3) Жоғарғы Соттың жалпы отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;
- 4) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарауына сот практикасы және заңда көзделген негіздемелер бойынша қадағалау тәртібімен сот актілерін қайта қарау туралы ұсыныс жасау мәселелері бойынша Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қабылдау үшін материалдар енгізеді;
- 5) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының бекітуіне Жоғарғы Соттың жалпы отырысы Хатшысының және ғылыми-консультациялық кеңес мүшелерінің кандидатураларын енгізеді;
- 6) қажет болған жағдайларда бір алқаның судьяларын басқа алқаның құрамында іс қарау үшін тартады;
- 7) Жоғарғы Соттың жұмыс жоспарын бекітеді;
- 8) алқалардың жұмысын үйлестіреді;
- 9) Жоғарғы Соттың Аппаратына жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның құрылымы мен штатын бекітеді;
- 10) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;
- 11) өкімдер шығарады.

Жоғарғы Соттың Төрағасы Республиканың өзге де мемлекеттік билік тармақтары органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынасы кезінде Республика сот жүйесінің мүддесін білдіреді, сондай-ақ:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне уәкілетті орган басшысының кандидатурасын ұсынады;

2) соттардың тиісті жалпы отырыстарының қарауына аудандық соттың төрағасы, облыстық соттың төрағасы және облыстық сот алқасының төрағасы, Жоғарғы Сот алқасының төрағасы мен судьясы қызметінің бос орнына балама негізде кандидатуралар енгізеді;

3) соттардың жалпы отырыстарының қорытындылары негізінде соттардың жалпы отырыстарында қаралған барлық кандидаттардың материалдарын қоса тіркей отырып,

тиісінше Жоғары Сот Кеңесіне немесе Әділет біліктілік алқасына аудандық сот төрағасы, облыстық сот төрағасы және облыстық сот алқасының төрағасы, Жоғарғы Сот алқасының төрағасы мен судьясы қызметтерінің бос орындарына балама негізде кандидатуралар ұсынады;

4) Қазақстан Республикасының Президентіне заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізеді;

5) осы Конституциялық заңмен көзделген негіздер туындаған жағдайда, тиісінше Жоғары Сот Кеңесіне және Әділет біліктілік алқасына Республика соттары төрағаларының, алқа төрағалары мен судьяларының өкілеттігін тоқтату мәселесі бойынша ұсыныс енгізеді;

6) Қазақстан Республикасының Президентіне судьяларды мемлекеттік наградалармен марапаттау және оларға құрметті атақтар беру туралы ұсыныс енгізеді;

7) Республика судьяларына "Құрметті судья" атағын береді, осы атақты беру тәртібі туралы ережені бекітеді;

8) заңмен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жоғарғы Соттың Төрағасы уақытша орнында болмаған кезде оның міндеті Жоғарғы Сот Төрағасының өкімі бойынша алқалардың бірінің төрағасына жүктеледі. Жоғарғы Сот Төрағасы орнынан түскен жағдайда не өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған өзге де жағдайда Төрағаның міндетін уақытша атқаруды Қазақстан Республикасының Президенті Жоғарғы Сот алқалары төрағаларының біріне жүктейді.

Жоғарғы Сот алқасының төрағасы. Жоғарғы Сот алқасының төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

1) алқаның сот отырыстарында төрағалық етеді;

2) сот практикасын зерделеу және жинақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

3) Жоғарғы Соттың жалпы отырысында қарау үшін судьялардың тиісті құжаттарды дайындауын қамтамасыз етеді;

4) Жоғарғы Соттың жалпы отырысына алқа қызметі туралы ақпарат береді;

5) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Алқа төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда оның міндетін атқару Жоғарғы Сот Төрағасының өкімі бойынша алқа судьяларының біріне жүктеледі.

Жоғарғы Соттың жалпы отырысы:

1) алқалардың сандық және дербес құрамын белгілейді;

2) сот практикасын зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша Республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

3) сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірмелер беретін нормативтік қаулылар қабылдайды және заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3-1) заңға сәйкес сот істерін қадағалау тәртібімен қарайды;

4) Жоғарғы Сот алқалары төрағаларының және уәкілетті орган басшысының хабарламасын тыңдайды;

5) Қазақстан Республикасы Конституциясының 47-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда қорытынды береді;

6) облыстық сот төрағасы мен облыстық сот алқасының төрағасы, Жоғарғы Сот алқасының төрағасы мен судьясы қызметінің бос орнына кандидатураларды талқылайды және тиісінше қорытындылар береді;

7) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша жалпы отырыс Хатшысын және ғылыми-консультациялық кеңестің құрамын бекітеді, сондай-ақ жасырын дауыспен Сот жюриін сайлайды;

7-1) сот төрелігін іске асыру бойынша төмен көрсеткіштері немесе сот істерін қарау кезінде заңдылықты бұзғаны үшін екі және одан да көп тәртіптік жазалары бар судьяға қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды және талқылау қорытындылары бойынша тиісті шешім шығарады;

8) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жалпы отырыс оған Жоғарғы Сот судьялары жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып табылады. Жоғарғы Сот жалпы отырысының жұмыс тәртібі өзі бекітетін регламентпен белгіленеді.

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. ҚР сот жүйесіне қандай соттар кіреді
2. ҚР сот жүйесінің бірлігі немен анықталады
3. Аудандық және оған теңестірілген соттардың өкілеттігі
4. Облыстық және оған теңестірілген соттардың өкілеттігі және құрылымы
5. ҚР Жоғарғы Сотының өкілеттігі және құрылымы

### **3-тақырып. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі.**

**Түйінді сөздер:** Жоғарғы сот кеңесі, ЖСК өкілеттіктері, Біліктілік комиссиясы.

**Негізгі сұрақтар:**

1. ҚР Жоғарғы Сот Кеңесінің түсінігі және өкілеттіктері
2. Біліктілік комиссиясы және оның өкілеттігі

**Дәріс тезистері:**

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 21 қарашадағы № 696 Жарлығымен құрылды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі (бұдан әрі - ЖСК) – соттарды қалыптастыру, судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеу кепілдіктері жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық өкілеттіктерін қамтамасыз ету мақсатында заңды тұлға құрмастан құрылатын мекеме.

ЖСК-нің мынадай өкілеттіктері болады:

1) судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеу кепілдіктерін қамтамасыз етеді;

2) конкурстық негізде жергілікті және басқа сот судьясының бос орнына кандидатты іріктеуді жүзеге асырады;

конкурстың қорытындылары бойынша жергілікті және басқа сот судьясының бос орнына тағайындау үшін кандидатты Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;

3) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша жергілікті және басқа соттар төрағалары мен сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос орнына кандидатураларды қарайды;

жергілікті және басқа соттар төрағалары мен сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос орнына қызметке тағайындау үшін кандидаттарды Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;

4) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Жоғарғы Сот судьясының бос орнына кандидатураны қарайды;

Жоғарғы Сот судьясының бос орнына кандидатты Парламент Сенатына ұсыну үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;

5) Жоғарғы Сот Төрағасының бос орнына кандидатураны қарайды;

Жоғарғы Сот Төрағасының бос орнына кандидатты Парламент Сенатына ұсыну үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;



6) Жоғарғы Сот Төрағасының, сот алқалары төрағалары мен судьяларының, жергілікті және басқа соттар төрағаларының, сот алқалары төрағалары мен судьяларының өкілеттіктерін тоқтату мәселелерін орнынан түсу, орнынан түсуді тоқтату нысанында қарайды;

сот таратылған немесе тиісті сот судьяларының жалпы саны қысқартылған жағдайда, егер олар басқа соттағы судьяның бос орнына орналасуға келісім бермесе, жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқаларының төрағалары мен судьяларын атқаратын қызметтерінен босату мәселелерін қарайды;

Жоғарғы Сот судьяларының жалпы саны қысқартылған жағдайда, егер олар басқа соттағы судьяның бос орнына орналасуға келісім бермесе, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағалары мен судьяларын атқаратын қызметтерінен босату мәселелерін қарайды;

тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін, кәсіби жарамсыздығына орай немесе "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының талаптарын орындамағаны үшін Судьялардың тәртіптік-біліктілік алқасының немесе Сот жюриінің шешімдеріне негізделген Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьяларын, жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқалары төрағалары мен судьяларын атқаратын қызметтерінен босатуға ұсыным беру жөніндегі мәселені қарайды;

Қазақстан Республикасының Президентіне жергілікті және басқа соттардың төрағаларын, сот алқалары төрағалары мен судьяларын, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларын қызметтерінен босатуды ұсынады;

Парламент Сенатына Жоғарғы Сот Төрағасы мен судьяларын қызметтерінен босату туралы ұсыныс енгізу үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынымдар енгізеді;

судьяның шекті жасқа толуына байланысты оның судья қызметінде болуын бес жылдан аспайтын мерзімге ұзартуға Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының келісім беруі туралы мәселені қарайды;

7) судья болып жұмыс істеуге ниет білдірген азаматтардан біліктілік емтихандарын қабылдауды ұйымдастырады;

8) судьяны тұтқынға алуға келісім беру, оны күштеп алып келу, оған сот тәртібімен салынатын әкімшілік жазаны қолдану, судьяны қылмыстық жауапқа тарту мәселесін шешу үшін Қазақстан Республикасының Президентіне қорытынды ұсынады;

9) сот жүйесі мен заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстарды тұжырымдайды және оны Қазақстан Республикасының Президентіне енгізеді, судья корпусының сапалы құрамын, кадрларды даярлау жүйесін жақсарту, судьялардың біліктілігін арттыру жөнінде шаралар қабылдайды;

10) Кеңес регламентін бекітеді;

11) судья қызметіне орналасу үшін біліктілік емтихандарынтапсырған адамдардың есебін жүргізеді;

12) осы Заңнан және Кеңестің регламентінен туындайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ЖСК Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төрағадан, хатшыдан және басқа мүшелерден тұрады.

Кеңес Төрағасының, хатшысының және мүшесінің лауазымы коммерциялық ұйымның басшы органының және байқаушы кеңесінің құрамына кірумен, саяси партиялардың басшылық қызметінде болуымен сыйыспайды.

ЖСК отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде төрт рет өткізіледі. Кеңес мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда Кеңестің отырысы заңды болып есептеледі.

ЖСК қызметін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқық бөлімімен жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасының Жоғары Соты Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабының талаптарына сәйкес ЖСК жанынан Біліктілік комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) құрылған.

Судьялыққа кандидаттардың білім деңгейін айқындау үшін олардан біліктілік емтиханын қабылдауды Комиссия жүзеге асырады.

Комиссияның құрамына:

1) Кеңес тағайындайтын Комиссия төрағасы және құқық оқытушыларының, заңгер-ғалымдардың арасынан бес маман;

2) Сот жюриі өз құрамынан ротациялық негізде жіберетін үш судья кіреді.

Комиссия төрағасы және мүшелері оның құрамына екі жыл мерзімге тағайындалады немесе жіберіледі.

Комиссия біліктілік емтихандарын қабылдау жөніндегі өзінің отырыстарын қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде төрт рет өткізеді.

Егер отырыстарына Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, отырыстар заңды деп есептеледі.

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. ҚР Жоғарғы Сот Кеңесінің түсінігі және өкілеттіктері
2. Біліктілік комиссиясы және оның өкілеттігі

#### **4-тақырып. Алқабилердің қатысуымен сотта іс қарау (проблемалық дәріс).**

**Мақсаты:** Алқабилер институтының қылмыстық іс жүргізу заңнамасының новеллаларына жатуына байланысты бұл институтты құқықтық реттеудің көптеген мәселелері әлі де болса өз шешімін табуды талап етеді. Осыған байланысты аталмыш тақырыпты оқып үйрену барысында алқабилердің қатысуымен сотта іс қарау кезінде туындайтын өзекті мәселелердің бетін ашып, оларды талдау.

**Түйінді сөздер:** алқаби, алқабиге кандидат, алқабидің анты, алқабидің тәуелсіздігі.

**Негізгі сұрақтар:**

1. ҚР заңнамасындағы алқабилер институты
2. Алқабиге кандидаттар және оларға қойылатын құқықтық талаптар
3. Алқабидің құқықтары, міндеттері және істі қарауға байланысты іс-әрекеттеріндегі шектеулер
4. Азаматтың алқаби міндеттерін атқару тәртібі мен мерзімдері
5. Алқабидің тәуелсіздігіне кепілдіктер

**Дәріс тезистері:**

Қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуына байланысты қоғамдық қатынастарды реттеп, алқабилердің құқықтық мәртебесін, тәуелсіздігінің кепілдіктерін, олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін “Алқабилер туралы” ҚР-ның 16.01.2006 ж. Заңы айқындайды.

Алқаби - соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматы. Алқабиге кандидат - Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексiне сәйкес кейiннен алқабилердi iрiктеу рәсiмiне қатысу үшiн алқабиге кандидаттардың тiзiмiне енгiзiлген Қазақстан Республикасының азаматы.

Қазақстан Республикасының алқабилер туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негiзделедi және "Қазақстан Республикасының сот

жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңынан, Қылмыстық іс жүргізу кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Алқабилердің құқықтық жағдайы. Алқабиге Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленген тәртіппен қылмыстық іс бойынша сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу жөніндегі өкілеттіктер берілген. Қазақстан Республикасының алқабилері тең мәртебеге ие.

Алқабиге кандидаттардың тізімдері. Алқабилерді іріктеу процесіне Қазақстан Республикасы азаматтарының қатысуын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдар жыл сайын алқабиге кандидаттар іріктелетін жыл алдындағы жылдың 1 желтоқсанына алқабиге кандидаттардың бастапқы, бірыңғай және қосалқы тізімдерін жасайды. Жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік органдардан, ұйымдар мен азаматтардан осы Заңның 10-бабында белгіленген, алқабиге кандидаттарға қойылатын талаптарға азаматтардың сәйкес келуін тексеру үшін қажет ақпаратты сұратуға құқылы. Жергілікті атқарушы органдардың сауалдарына жауаптар сауал алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей олардың мекен-жайына жіберілуге тиіс. Алқабиге кандидаттардың тізімдері әліпбилік тәртіппен жасалады. Тізімдерде алқабиге кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы (жасы жиырма бесте болса - қосымша күні мен айы) және тұрғылықты жері көрсетіледі. Алқабиге кандидаттардың бастапқы, бірыңғай және қосалқы тізімдеріне енгізілетін азаматтардың саны тиісті облыстық және оған теңестірілген сот төрағасы жыл сайын ұсынатын алқабиге кандидаттардың санына негізделеді. Тиісті облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының ұсынуы сот талқылауына қатысу үшін алқабиге кандидаттардың тізімдері бойынша алқабилерді іріктеу жүргізілетін жыл алдындағы жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірілмей облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына жіберілуге тиіс. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы жыл сайын, облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының ұсынуын алған күннен бастап үш күн мерзімнен кешіктірмей, әрбір ауданнан (облыстық маңызы бар қаладан) алқабиге кандидаттардың санын айқындайды және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарын алқабиге кандидаттардың саны туралы хабардар етеді.

Алқабиге кандидаттарға қойылатын талаптар. Алқабиге кандидаттардың тізімдеріне: 1) алқабилердің тізімдерін жасау кезінде жиырма бес жасқа толмаған; 2) өтелмеген не алынбаған сотталғандығы бар; 3) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар; 4) судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері; 5) наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерде есепте тұрған адамдар енгізілмейді. Алқабиге кандидаттардың тізімдеріне азаматтарды енгізуге шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайлар бойынша қандай да бір шек қоюға жол берілмейді. Алқабиге кандидаттардың тізімдерінен: 1) қылмыстық іс бойынша сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдар; 2) өздерінің дене кемістігі немесе психикалық кемістігі салдарынан алқабидің міндеттерін атқаруға қабілетсіз адамдар; 3) алпыс бес жастан асқан адамдар; 4) діни қызметшілер өздерінің жазбаша өтініші бойынша алып тасталады.

Алқабидің құқықтары, міндеттері және істі қарауға байланысты іс-әрекеттеріндегі шектеулер. Алқабидің: 1) өзінің ішкі нанымы бойынша істің мән-жайын өз бетінше бағалауға және алқабилер алқасының алдына қойылатын сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік алу үшін сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға; 2) процеске қатысушыларға төрағалық етуші арқылы сұрақтар қоюға; 3) заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, жерді және үй-жайларды тексеріп қарау ісіне, сот тергеуіндегі барлық басқа да іс-әрекеттерге қатысуға; 4) төрағалық етушіге заңнама нормаларын, сондай-ақ сот

отырысында жария етілген құжаттардың мазмұнын және іске қатысты, өзіне түсініксіз басқа да мәселелерді түсіндіруді сұрап өтініш жасауға; 5) сот отырысы кезінде жазбалар жасауға құқылы. Алқаби: 1) сот отырысында тәртіп сақтауға және төрағалық етушінің заңды өкімдеріне бағынуға; 2) алқабидің міндеттерін атқару үшін, сондай-ақ, егер сот отырысында үзіліс жарияланған немесе істі тыңдау кейінге қалдырылған жағдайда, сот талқылауын жалғастыру үшін сот көрсеткен уақытта келуге; 3) сотқа келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, төрағалық етушіге келмеудің себептері туралы алдын ала хабарлауға міндетті. Алқаби: 1) істі тыңдау кезінде сот отырысының залынан кетуге; 2) істі тыңдау кезінде сот құрамына кірмейтін адамдармен төрағалық етушінің рұқсатынсыз іс бойынша сөйлесуге; 3) істі қарау барысында мәліметтерді сот отырысынан тыс жинауға; 4) жабық сот отырысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ кеңесу бөлмесінің құпиясын бұзуға құқылы емес.

Алқабидің өз міндеттерін атқармауы, сондай-ақ осы бапта көзделген шектеулерді сақтамауы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген жауаптылыққа, сондай-ақ төрағалық етушінің алқабиді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттету мүмкіндігіне әкеп соғады.

Алқабидің анты. Алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленген тәртіппен іріктелген адам мынадай мазмұнда ант қабылдайды: "Алқабидің міндеттерін атқаруға кірісе отырып, өз міндеттерімді адал және бейтарап атқаруға, сотта қаралған барлық дәлелдемелерді, дәлелдерді, істің мән-жайын назарыма алуға, ерікті азамат және әділ адам ретінде істі өзімнің ішкі нанымым мен ар-ожданым бойынша шешуге салтанатты түрде ант етемін". Алқаби "Ант етемін" деген сөздерді айтумен антты қабылдауын растайды.

Азаматтың алқаби міндеттерін атқару тәртібі мен мерзімдері. Істі қарауға қатысу үшін сотқа алқабиге кандидаттардың қажетті санын шақыртуды алқабилердің қатысуымен қылмыстық істі қарайтын соттың төрағалық етуші судьясының өкіміне сәйкес сот отырысының хатшысы жүзеге асырады. Азаматтар сотта алқабидің міндеттерін атқаруға күнтізбелік жыл ішінде көп дегенде бір рет, қылмыстық іс қаралатын барлық уақытқа шақырылады. Сотқа шақырылған, бірақ алқабилер алқасының құрамына іріктеп алынбаған адамдар басқа сот отырысына алқаби ретінде қатысу үшін тартылуы мүмкін.

Алқабидің еңбегіне ақы төлеу. Алқабиге кандидаттар мен алқабилердің шығыстарын төлеу. Алқабилердің еңбек қатынастарындағы кепілдіктері. Алқабиге облыстық және оған теңестірілген соттың қызметін материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган нақты іс қаралып болғаннан кейін, ал егер істі қарау созылатын болса, ай сайын бюджет қаражаты есебінен облыстық және оған теңестірілген сот судьясының лауазымдық жалақысының жартысы мөлшерінде, бірақ алқабидің сотқа қатысу уақытына (жұмыс күнінің санына) барабар, оның негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысынан кем емес мөлшерде сыйақы төлейді. Алқабиге кандидатқа (алқабиге) іссапар шығыстары республикалық бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде өтеледі. Алқабидің сотта міндеттерін атқару уақыты еңбек стажын есептеген кезде есепке алынады. Алқабидің міндеттерін атқару кезінде оның негізгі жұмыс орны сақталады. Алқабидің сотта міндеттерін атқаруы кезінде оны жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан шығаруға немесе ақысы төмен жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді.

Алқабидің тәуелсіздігіне кепілдіктер. Алқаби сотта өз міндеттерін атқарған кезеңде оған судьялардың тәуелсіздігіне заңдарда белгіленген кепілдіктер қолданылады. Сотта міндеттерін атқару кезінде алқабидің тәуелсіздігі: 1) сот төрелігін жүзеге асырудың заңда көзделген рәсімімен; 2) сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу бойынша алқабидің қызметіне кімнің болса да араласуына жауаптылық қаупі арқылы тыйым салумен қамтамасыз етіледі. Алқаби, оның отбасы мүшелері және олардың мүліктері мемлекеттің қорғауында болады. Қылмыстық істі жүргізетін орган, егер сотта міндеттерін атқарушы

алқабиден тиісті өтініш келіп түссе, сондай-ақ аталған адамдардың қауіпсіздігіне немесе олардың мүліктерінің сақталуына қауіп төнудің басқа да айғақтары анықталған жағдайларда, алқабидің, оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қолдануға міндетті.

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. ҚР заңнамасындағы алқабилер институтының түсінігі
2. Алқабиге кандидаттар және оларға қойылатын құқықтық талаптар
3. Алқабидің құқықтары мен міндеттері
4. Алқабидің істі қарауға байланысты іс-әрекеттеріндегі шектеулер
5. Азаматтың алқабидің міндеттерін атқару тәртібі мен мерзімдері
6. Алқабидің тәуелсіздігіне кепілдіктер
7. Алқабидің еңбегіне ақы төлеу
8. Алқабидің анты

### **5-тақырып. Сот қызметін ұйымдастыру мен сот қызметінің қағидалары.**

**Түйінді сөздер:** сот қызметін ұйымдастыру қағидалары, сот қызметінің қағидалары, судьялардың ауыстырылмайтындығы, судьяның тәуелсіздігі, судьяларға ешкімнің тиіспеуі.

**Негізгі сұрақтар:**

1. ҚР сот қызметін ұйымдастыру және сот қызметі қағидалары
2. Сот әділдігі қағидалары

**Дәріс тезистері:**

Судьялардың ауыстырылмайтындығы қағидасы. Судьялар қызметке Қазақстан Республикасының Конституциясына және осы Конституциялық заңға сәйкес сайланады немесе тағайындалады және тұрақты негізде өкілеттіктерге ие болады. Судьяның өкілеттігі тек қана осы Конституциялық заңда көзделген негіздер мен тәртіп бойынша тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

Судьяның тәуелсіздігі қағидасы. Судьяның тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьялар сот төрелігін жүзеге асыруы кезінде тәуелсіз және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңға ғана бағынады. Ешкімнің сот төрелігін жүзеге асыру ісіне араласуға және судья мен алқа заседателіне қандай да болмасын ықпал етуге құқығы жоқ. Мұндай әрекеттер заңмен қудаланады. Судья қаралған немесе қаралып жатқан сот істерінің мәні жөнінде қандай да бір түсінік беруге міндетті емес. Кеңесу бөлмесінің құпиясы барлық жағдайларда қамтамасыз етілуге тиіс. Соттарды қаржыландыру, судьяларды материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға тұрғын үй беру сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру үшін жеткілікті мөлшерде республикалық бюджет қаражатының есебінен жүргізіледі.

Судья тәуелсіздігінің кепілдіктері. Судьяның тәуелсіздігі:

- 1) сот төрелігін жүзеге асырудың заңда көзделген рәсімімен;
- 2) судьяның сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне араласқаны үшін, сондай-ақ сотты және судьяларды сыйламағандық үшін заңда жауаптылық белгілеумен;
- 3) судьяға ешкімнің тиіспеуімен;
- 4) Конституцияда және осы Конституциялық заңда белгіленген судьяны қызметке сайлау, тағайындау, судьяның өкілеттігін тоқтату және тоқтата тұру тәртібімен, судьяның орнынан түсу құқығымен;
- 5) судьяларға мемлекет есебінен олардың мәртебесіне сәйкес материалдық жағдай жасау және әлеуметтік қамсыздандыру, сондай-ақ оны нашарлатуға тыйым салу арқылы қамтамасыз етіледі.

Судьялар, олардың отбасы мүшелері мен мүлкі мемлекеттің қорғауында болады.

Егер судьядан тиісті өтініш түссе, ішкі істер органдары судья мен оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге уақтылы және түпкілікті шаралар қабылдауға міндетті.

Судьяға және оның мүлкіне кәсіптік қызметіне байланысты келтірілген зиян республикалық бюджеттің қаражаты есебінен өтеледі.

Судьяларға ешкімнің тиіспеуі қағидасы. Судьяны, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған жағдайларды қоспағанда, тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз, ал Конституцияның 55-бабының 3) тармақшасында белгіленген жағдайда, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімінсіз оны қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Судьяға тиіспеушілік оның жеке басына, меншігіне, ол тұратын тұрғын үй және қызметтік үй-жайларға, ол пайдаланатын жеке және қызметтік көлік құралдарына, оған тиесілі құжаттарға, бағажына және өзге де мүліктеріне тиіспеушілікті қамтиды. Судьяға қатысты қылмыстық істі Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры ғана қозғай алады. Судьяға қатысты арнайы жедел-ізвестіру іс-шаралары прокурордың санкциясымен ғана жүргізілуі мүмкін. Судьяға Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген тәртіппен куәлік беріледі.

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. ҚР сот қызметін ұйымдастыру және сот қызметі қағидалары
2. Судьяның тәуелсіздігі қағидасы
3. Судьяларға ешкімнің тиіспеуі қағидасы
4. Кінәсіздік презумпциясы
5. Сот әділдігін тек соттың жүзеге асыруы қағидасы

## **6-тақырып. Судьяның құқықтық жағдайы.**

**Түйінді сөздер:** судья мәртебесі, судья өкілеттіктері, судьяның өкілеттіктерін тоқтата тұру, судьяның өкілеттіктерін тоқтату, судьяны қызметінен босату.

**Негізгі сұрақтар:**

1. Судья мәртебесі
2. Судьяға қойылатын талаптар
3. Судьяға өкілеттіктер беру тәртібі
4. Судьяның өкілеттігін тоқтата тұру негіздері мен тәртібі
5. Судьяның өкілеттігін тоқтату негіздері
6. Судьяны қызметінен босату тәртібі
7. Судьяның орнынан түсуінің негіздері
8. Судьялардың тәртіптік жауапкершілігінің негіздері
9. Судьяны материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі кепілдіктері

**Дәріс тезистері:**

Судья мәртебесі. Қазақстан Республикасының барлық соттары судьяларының мәртебесі бірдей болады және бір-бірінен тек өкілеттіктерімен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен судьяға сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктер беріледі, ол өз міндеттерін тұрақты негізде орындайды және сот билігін жүргізуші болып табылады. Судьялардың құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Конституциялық заңмен және өзге де заңдармен белгіленеді. Судьяға заңда көзделмеген соттан тыс функциялар мен міндеттерді жүктеуге болмайды. Судьяны қылмысқа қарсы

күрес, заңдылық пен құқық тәртібін сақтау мәселелері жөніндегі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың құрамына енгізуге болмайды.

Судьяға қойылатын талаптар. Судья:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын бұлжытпай сақтауға, судьяның антына адал болуға;

2) сот төрелігін іске асыру жөніндегі өзінің конституциялық міндетін орындаған кезде, сондай-ақ қызметтен тыс қарым-қатынаста судья әдебі талаптарын сақтауға және судьяның беделі мен қадір-қасиетін түсіретін немесе оның адалдығына, әділдігіне, объективтілігі мен алаламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрседен аулақ болуға;

3) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметке заңсыз араласу әрекеттеріне қарсы тұруға;

4) судьялар кеңесінің құпиясын сақтауға міндетті.

Судьяның лауазымы депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Судьялар партияларға, кәсіптік одақтарға кіре алмайды, қандай да бір саяси партияны қолдап немесе оған қарсы сөз сөйлеуіне болмайды.

Судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар. Аудандық соттың судьясы болып: жиырма бес жасқа толған;

жоғары заң білімі бар, еңбек жолы мінсіз және заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар;

Әділет біліктілік алқасында немесе мамандандырылған магистратурада біліктілік емтиханын тапсырған;

медициналық куәландырудан өткен және судьяның кәсіби міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқтығын растаған;

сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және соттың жалпы отырысының оң пікірін алған Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалуы мүмкін. Мамандандырылған магистратураны оқып бітірген адамдарға тағылымдамадан өту талап етілмейді.

Жоғарыда аталған талаптарға сай келетін, заң мамандығы бойынша кемінде он жыл жұмыс стажы бар, оның ішінде, әдетте, кемінде бес жыл судья болған азамат облыстық соттың судьясы бола алады.

Жоғарыда аталған талаптарға сай келетін, заң мамандығы бойынша кемінде он бес жыл жұмыс стажы бар, оның ішінде, әдетте, кемінде он жыл судья болған азамат Жоғарғы Соттың судьясы бола алады.

Судьялыққа кандидаттың тағылымдамадан өту шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ережеде айқындалады.

Судья лауазымына кандидатты медициналық куәландыру. Судья лауазымына кандидаттың судьяның кәсіби міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқтығын растау үшін оған медициналық куәландыру жүргізіледі. Судьяның кәсіби міндеттерін атқаруына кедергі келтіретін аурулардың тізбесі жергілікті соттарды ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның бірлескен нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

Судьяға өкілеттіктер беру тәртібі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын Қазақстан Республикасы Президентінің Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген ұсынуы бойынша Сенат сайлайды.

Облыстық соттың судьясын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Қазақстан

Республикасының Президенті тағайындайды.

Аудандық соттың судьясын Әділет министрінің Әділет біліктілік алқасының кепілдемесіне негізделген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Жоғарғы Соттың Төрағасы мен осы соттың алқаларының төрағаларын Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша тиісті қызметтерге бес жыл мерзімге Сенат сайлайды.

Облыстық соттардың төрағалары мен алқаларының төрағаларын Жоғарғы Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бес жыл мерзімге тағайындайды.

Аудандық соттардың төрағаларын Әділет біліктілік алқасының кепілдемесіне негізделген Әділет министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бес жыл мерзімге тағайындайды.

Жоғарғы Соттың Төрағасы мен алқаларының төрағалары, облыстық соттың төрағасы мен алқаларының төрағалары, аудандық соттың төрағасы өкілеттік мерзімдері аяқталғаннан кейін, егер олар бұрынғы қызметтеріне немесе басқа соттағы осындай қызметке тиісінше қайтадан сайланбаған немесе тағайындалмаған болса, тиісті соттың судьясы өкілеттігін жүзеге асыруды жалғастырады.

Тиісті сотта судьялардың бос орны болмаған жағдайда осындай лауазымға қайтадан сайланбаған немесе тағайындалмаған төраға мен алқа төрағасы олардың келісімімен тең дәрежелі немесе төмен тұрған соттың судьясы лауазымына конкурстық тағайындауға ұсынылады.

Сот қайта ұйымдастырылған немесе таратылған кезде осы соттың судьялары олардың келісімімен тең дәрежелі немесе төмен тұрған соттың судьясы лауазымына тағайындауға конкурстық ұсынылуы мүмкін.

Судьяның ант беруі. Судья лауазымына алғаш рет сайланған немесе тағайындалған адам мынадай мазмұнда ант береді: "Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін".

Жоғарғы Соттың Төрағасы, Жоғарғы Сот алқаларының төрағалары мен судьялары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының отырысында ант береді. Облыстық соттардың төрағалары Жоғарғы Соттың жалпы отырысында ант береді. Облыстық соттар алқаларының төрағалары мен судьялары, аудандық соттардың төрағалары мен судьялары тиісті облыстық соттардың жалпы отырысында ант береді.

Судьяның өкілеттігін тоқтата тұру.

Судьяның өкілеттігі, егер:

1) судья Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихатының депутаттығына кандидат болып тіркелсе;

2) судья заңды күшіне енген сот шешімімен хабарсыз кеткен деп танылса;

3) судьяны қылмыстық жауапқа тартуға келісім берілсе;

4) «Сот билігі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңның 34-бабының 2-тармағында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтату қажеттігі туралы судьялардың тәртіптік-біліктілік алқасының шешімі болса;

5) басқа жұмысқа ауысса, тоқтатыла тұрады.

Судьяның өкілеттігін тоқтата тұруды:

Жоғарғы Соттың Төрағасына қатысты - Қазақстан Республикасының Президенті;

Республиканың қалған барлық судьяларына қатысты - Жоғарғы Сот Төрағасы жүзеге асырады.



Егер судьяның өкілеттігін тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға негіз болған мән-жай жойылса, судьяның өкілеттігі қалпына келтіріледі.

Судьяны қызметтен босату және оның өкілеттігін тоқтату.

Судьяның өкілеттігі мынадай негіздерде:

- 1) судья орнынан түскенде;
- 2) судья өз тілегі бойынша қызметінен босағанда;
- 3) медициналық қорытындыға сәйкес кәсіптік міндеттерін одан әрі атқаруға кедергі болатын денсаулық жағдайы бойынша;
- 4) судьяны іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп тану не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;
- 5) осы судьяға қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енгенде;
- 6) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылғанда;
- 7) судья қайтыс болған немесе соттың оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енген жағдайда;
- 8) судья басқа лауазымға тағайындалған, сайланған және ол басқа жұмысқа ауысқан жағдайда;
- 9) соттың таратылуына немесе өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты, егер судья басқа соттағы бос қызмет орнына орналасуға келісімін бермесе;
- 10) Сот жюриінің қорытындысы бойынша;
- 11) зейнеткерлік жасқа толғанда тоқтатылады.

Судьяның өкілеттігі судьялардың тәртіптік-біліктілік алқасының судьяны тәртіптік теріс қылықтар жасағаны немесе «Сот билігі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңның 28-бабында көрсетілген талаптарды орындамағаны үшін қызметінен босату қажеттігі туралы шешіміне байланысты тоқтатылуы мүмкін.

Сот төрағасының не алқа төрағасының өкілеттіктері олар «Сот билігі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңның 9, 14, 15, 20, 21 және 28-баптарында көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Судьяны қызметтен босату туралы шешім:

1) Жоғарғы Соттың Төрағасы, алқа төрағалары мен судьяларына қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулысымен;

2) облыстық соттың төрағасы, алқа төрағалары мен судьялары, аудандық соттың төрағасы мен судьясына қатысты - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қабылданады.

Судьяны қызметінен босату сонымен бір мезгілде тиісті соттың төрағасы немесе алқа төрағасы өкілеттіктерінің тоқтатылуына әкеп соғады.

Тиісті соттың төрағасын немесе алқа төрағасын өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты қызметтен босату оларды осы соттың судьясы қызметінен босатуға әкеп соқпайды.

«Сот билігі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңының 34-бабының 1-тармағының 3)-7), 9) және 10) тармақшаларында көзделген жағдайларда, судьялық қызметтен босатуға және судьяның өкілеттігін тоқтатуға Жоғары Сот Кеңесінің немесе Әділет біліктілік алқасының ұсыныстары талап етілмейді.

Судьяның орнынан түсуі. Еңбек жолы мінсіз және кемінде он бес жыл судьялық жұмыс стажы бар судьяның өзінің судья атағын, судьялар қоғамдастығында болуын, жеке басына тиіспеушілік кепілдігін және осы Конституциялық заңда көзделген өзге де материалдық және әлеуметтік кепілдіктерін сақтай отырып, судьялық өкілеттіктерін

тоқтатуының ерекше нысаны орнынан түсу деп танылады.

Судьяны орнынан түсу нысанында қызметінен босату «Сот билігі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңның 34-бабы 1-тармағының 1-1), 2), 8) және 10) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Судья орнынан түскен кезде судьялық жұмыс стажы жиырма және одан да көп жыл болса, жиырма төрт айлық лауазымдық айлық мөлшерінде, судьялық жұмыс стажы он бестен жиырма жылға дейін болса, он сегіз айлық лауазымдық айлық мөлшерінде оның соңғы лауазымы бойынша біржолғы шығу жәрдемақысы төленеді.

Судьяның орнынан түсуі:

кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғанда, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіргенде, оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін қызметке тұрғанда;

ол қылмыс жасағанда немесе сот билігінің беделіне нұқсан келтіретін теріс қылық жасағанда;

өз тілегі бойынша;

Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылғанда;

ол қайтыс болғанда немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде тоқтатылады.

Судья орнынан түсуі тоқтатылған жағдайда жеке басына тиіспеушілік кепілдігінен және «Сот билігі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңның 51, 53 және 55-баптарында көзделген кепілдіктерден айырылады.

Судьяны зейнетақымен қамсыздандыру. Судьяны зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады. Судья үшін Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген мөлшерде республикалық бюджет қаражаты есебінен қосымша міндетті зейнетақы жарналары белгіленеді. Судья теріс себептер бойынша қызметінен босатылған кезде аталған жарналар республикалық бюджетке алынады.

Судьялардың тәртіптік жауапкершілігінің негіздері.

Судья:

1) сот істерін қарау кезінде заңдылықты бұзғаны үшін;

2) судья әдебіне қайшы келетін теріс қылық жасағаны үшін;

3) еңбек тәртібін өрескел бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Сот төрағалары және сот алқаларының төрағалары осы Конституциялық заңда көзделген лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Сот актісінің күшін жою немесе өзгерту, егер бұл орайда заңды өрескел бұзуға жол берілмеген және ол туралы жоғары тұрған сот орнының сот актісінде көрсетілмеген болса, өздігінен судьялардың жауаптылығына әкеп соқпайды.

Судьяларға тәртіптік жазаның мына түрлері қолданылуы мүмкін:

1) ескерту;

2) сөгіс;

3) біліктілік сыныбын төмендету;

4) қызметтік міндеттерін тиісінше атқармағаны үшін сот төрағасы немесе сот алқасының төрағасы қызметінен босату;

5) осы Конституциялық заңда көзделген негіздер бойынша судья қызметінен босату.

Әрбір тәртіп бұзушылық үшін тәртіптік теріс қылықтың сипаты, судьяның жеке басы туралы деректер және оның кінәсінің дәрежесі ескеріле отырып, тек бір тәртіптік жаза қолданылады.

Тәртіптік іс қозғау құқығы:

1) Республиканың кез келген судьясына қатысты - Республикалық тәртіптік-біліктілік алқасына;

2) облыстық соттың судьясына, аудандық соттың төрағасы мен судьясына қатысты - облыстық тәртіптік-біліктілік алқаларына тиесілі болады.

Тәртіптік іс қозғау және қарау мерзімдері. Судьяға қатысты тәртіптік іс қарау, қызметтік тексеру мен судьяның дәлелді себептермен жұмыста болмаған уақытын есепке алмағанда, теріс қылық анықталған күннен бастап - үш айдан кешіктірілмей және теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей қозғалуы мүмкін.

Жоғарғы тұрған сот инстанциясының заңдылықтың бұзылу фактісі анықталған сот актісі заңды күшіне енгізілген күн судьяның сот ісін қарау кезінде заңдылықты бұзуына байланысты тәртіптік теріс қылықтың анықталған күні болып есептеледі, ал заңсыз сот актісі шығарылған күн осындай теріс қылықтың жасалған күні болып есептеледі. Тәртіптік іс қозғалған күнінен бастап екі ай мерзім ішінде қаралуға тиіс.

Тәртіптік істерді қарау жөніндегі органдар

Республикалық тәртіптік-біліктілік алқасы Жоғарғы Соттың алқа төрағалары мен судьяларына, облыстық соттардың төрағалары мен алқа төрағаларына қатысты тәртіптік іс қозғау туралы мәселені, тәртіптік істерді, сондай-ақ облыстық тәртіптік-біліктілік алқаларының шешімдеріне қатысты шағымдарды қарайды.

Облыстық тәртіптік-біліктілік алқалары облыстық соттардың судьяларына, сондай-ақ аудандық соттардың төрағалары мен судьяларына қатысты тәртіптік іс қозғау туралы мәселені, тәртіптік істерді қарайды.

Тәртіптік істерді қарау тәртібі және тәртіптік алқалардың қызметі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ережемен регламенттеледі.

Тәртіптік істер бойынша қабылданатын шешімдер. Тәртіптік іс жөніндегі тәртіптік-біліктілік алқа:

1) «Сот билігі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңның 40-бабының 1-тармағында көзделген тәртіптік жаза қолдану туралы;

2) тәртіптік іс жүргізуді қысқарту туралы;

3) төменгі тұрған тәртіптік-біліктілік алқаның шешімін өзгерту не оның күшін жою және істі жаңадан қарауға жіберу туралы не шешімді өзгеріссіз қалдыру туралы шешімдердің бірін шығарады.

Тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі. Егер судья жаза қолданылған күннен бастап бір жыл бойы жаңадан тәртіптік жазаға тартылмаса, онда ол тәртіптік жазаға тартылмаған деп есептеледі. Судья мінсіз тәртібімен өз міндеттерін адал атқарған жағдайда, тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін мерзімінен бұрын алынуы мүмкін. Тәртіптік жазаны берген тәртіптік-біліктілік алқасы оны мерзімінен бұрын алуы мүмкін.

Тәртіптік-біліктілік алқаларының шешімдеріне шағымдану. Облыстық тәртіптік-біліктілік алқасының шешіміне өзіне қатысты шешім шығарылған судья, сондай-ақ тәртіптік іс қозғаған тұлға Республикалық тәртіптік-біліктілік алқасына шағымдануы мүмкін. Республикалық тәртіптік-біліктілік алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

Судьяларды материалдық қамтамасыз ету. Судьяларды материалдық қамтамасыз ету оның мәртебесіне сай болуға және сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс және оны азайтуға болмайды. Судьялардың еңбегіне ақы төлеуді Конституцияның 44-бабының 9) тармақшасына сәйкес судьяның мәртебесін, оны тағайындау және сайлау тәртібін, сондай-ақ ол жүзеге асыратын функцияларды ескере отырып, Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

Судьялардың біліктілік сыныптары. Судьяларға атқарып жүрген қызметіне, кәсіби

даярлығының деңгейіне, еңбек сіңірген жылдарына және өзге де мән-жайларға байланысты біліктілік сыныптары беріледі. Судьяларға біліктілік сыныптарын беру мен олардан айыру тәртібі осы Конституциялық заңмен және Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ережемен белгіленеді.

Судьялардың жыл сайынғы демалыстары. Судьяларға сауығуы үшін лауазымдық екі айлық мөлшерінде жәрдемақы төлене отырып, күнтізбелік отыз күнге жыл сайынғы демалыс беріледі.

Ауысқан кездегі өтемақы. Қызметі бойынша Қазақстанның бір аймағынан екінші аймағына ауысқан судьяларға және олардың отбасы мүшелеріне көшуге байланысты шығыстары шыққан шығынының көлемінде төленеді.

Тұрғын үй жеңілдіктері. Судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет есебінен жүргізіледі. Судьяға және оның отбасы мүшелеріне кезектен тыс, бірақ қызметіне кіріскен күнінен бастап алты айдан кешіктірілмей, нақты жер жағдайына қарай, мемлекеттік тұрғын үй қорынан, судьяны тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж азаматтардың санатына жатқызбайтын нормалар бойынша тұрмысқа жайлы тұрғын үй беріледі. Лауазымында он жылдан астам уақыт жұмыс істеген судьялардың тұрақты тұруға арналған қызметтік тұрғын үйі оның қалауы бойынша қалдық құны бойынша сатып алынуы мүмкін. Судья қызметінен босатылғанда оны және отбасы мүшелерін басқа тұрғын үй бермей тұрып қызметтік тұрғын үйден шығаруға болмайды.

Судьяларды мантиямен қамтамасыз ету. Барлық соттардың судьялары республикалық бюджет қаражаты есебінен судьялық мантиямен қамтамасыз етіледі.

Судьяларға медициналық қызмет көрсету. Судьялар және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық қызмет көрсетумен белгіленген тәртіппен қамтамасыз етіледі. Судьяларға медициналық қызмет көрсетудің тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Судья мертліккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған, кәсіби ауруға шалдыққан) немесе қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайдағы өтемақы. Судья қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертліксе (жарақаттанса, жараланса, контузия алса, кәсіби ауруға шалдықса), оған осы бапта белгіленген мөлшерде біржолғы өтемақы төленеді. Судья қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда не қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертлігу (жарақаттану, жаралану, контузия алу, кәсіби ауруға шалдығу) салдарынан судья өкілеттігін тоқтатқаннан кейін бір жылдың ішінде оны алуға құқығы бар адамдарға соңғы атқарған лауазымы бойынша алпыс айлық лауазымдық айлықақысы мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

Судьяның қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертлігуінің (жарақаттануының, жаралануының, контузия алуының, кәсіби ауруға шалдығуының) нәтижесінде мүгедек болғаны белгіленген жағдайда, оған:

- 1) I топтағы мүгедекке - отыз айлық лауазымдық айлықақы;
- 2) II топтағы мүгедекке - он сегіз айлық лауазымдық айлықақы;
- 3) III топтағы мүгедекке - алты айлық лауазымдық айлықақы мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

Судья қызметтік міндеттерін атқару кезінде мүгедектік белгілеуге әкеп соқтырмаған ауыр мертліккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған, кәсіби ауруға шалдыққан) жағдайда оған бір жарым айлық лауазымдық айлықақы мөлшерінде, жеңіл мертліккен жағдайда - жарты айлық лауазымдық айлықақы мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді. Біржолғы өтемақы төлеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Егер судьяның қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты емес жағдайларда мертліккені (жарақаттанғаны, жараланғаны, контузия алғаны, кәсіби ауруға шалдыққаны) немесе қаза тапқаны (қайтыс болғаны) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, біржолғы өтемақы төленбейді.

Жерлеуге жұмсалатын шығыстардың өтемақысы. Қайтыс болған немесе қаза тапқан судьялар мен судья қызметінен зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлерді жерлеу үшін судья қайтыс болған сәттегі тиісті лауазымы бойынша судьяның үш айлық жалақысы мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы төленеді.

Судьяны материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі кепілдіктерден айыру. Судья өзінің қылмыс жасауына немесе сот билігінің беделіне нұқсан келтіретін теріс қылық жасауына, сот әдебі талаптарын сақтамауына және осы Конституциялық заңның 28-бабында көрсетілген өзге де талаптарды орындамауына байланысты судьялардың тәртіптік-біліктілік алқасының шешімі бойынша оның өкілеттіктері тоқтатылған кезде, сондай-ақ кәсіби жарамсыздығына байланысты Сот жюриінің қорытындысы бойынша:

- 1) орнынан түсу құқығынан және жеке басына тиіспеушілік кепілдігінен
- 2) «Сот билігі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңның 51, 53, 54 және 55-баптарында көзделген барлық материалдық және әлеуметтік кепілдіктерден айырылады.

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. Судья мәртебесінің түсінігі
2. Судьяға қойылатын талаптар
3. Судьяға өкілеттіктер беру тәртібі
4. Судьяның өкілеттігін тоқтата тұру негіздері мен тәртібі
5. Судьяның өкілеттігін тоқтату негіздері
6. Судьяны қызметінен босату тәртібі
7. Судьяның орнынан түсуінің негіздері
8. Судьялардың тәртіптік жауапкершілігінің негіздері
9. Судьяны материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі кепілдіктері

### **7-тақырып. Алдын ала тергеу сатысындағы сот бақылауының мәселелері (проблемалық дәріс)**

**Мақсаты:** Сот бақылауы институтының бірқатарының қылмыстық іс жүргізу заңнамасының новеллаларына жатуына байланысты бұл институтты құқықтық реттеудің көптеген мәселелері әлі де болса өз шешімін табуды талап етеді. Осыған байланысты аталмыш тақырыпты оқып үйрену барысында алдын ала тергеу сатысындағы сот бақылауын жүзеге асыру барысында туындайтын өзекті мәселелердің бетін ашып, оларды талдау.

**Түйінді сөздер:** сот бақылауы, сот санкциясы, бұлтартпау шаралары, шағымдар.

#### **Негізгі сұрақтар:**

1. Сот бақылауының түсінігі
2. Сот бақылауының түрлері
3. Қамауға алу, үйде қамауда ұстау бұлтартпау шараларын қолдануға санкция беру туралы өтініштерді қарау
4. Қамауға алу, үйде қамауда ұстау бұлтартпау шараларының мерзімін ұзарту туралы өтініштерді қарау
5. Сотқа дейінгі өндірістегі қылмыстық істі жүргізуші органдар мен лауазым иелерінің әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарау

#### **Дәріс тезистері:**

Аристотель кез келген мемлекеттің үш бөлігі бар деп есептеген: заңқенесу органы (халық жиналысы), әкімшілік немесе үкімет органы (магистратуралар) және сот органдары. Мемлекеттік органдардың функцияларын бөлуге негізделген бұл идеялар буржуазиялық философтардың билікті бөлу туралы көзқарастарының алдында пайда болған.

Классикалық билікті бөлу теориясының негізін қалаған Шарль Луи де Монтескье: «Егер бір тұлғада немесе бір мекемеде осы үш билік бірге қосылса, барлығы қирар еді, мұндай республикадағы азаматтың жағдайы қандай болар еді» деп айтқан болатын.

Егер сот билігіне келетін болсақ, ол мемлекеттік биліктің тең құқылы тармағы болып табылады. Сот билігін тек сот әділдігі ғана сипаттап қоймайды, оны заң шығарушы және атқарушы органдардың шешімдері мен әрекеттеріне заң тұрғысынан әсер ету мүмкіндігі, оларды теңестіру мүмкіндігі сипаттайды. Соттың өкілеттіктері оны азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғай алатын, қоғамды әлеуметтік тартыстардан қорғай алатын орнықтырушы күшке айналдырады.

Өкінішке орай заңда сот билігінің анықтамасы берілмеген.

Егер қылмыстық іс жүргізумен ғана шектелсек, сот билігі сот әділдігін жүзеге асырумен қатар сотқа дейінгі өндірісте органдар мен лауазым иелерінің әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығы мен негізділігін бақылауды жүзеге асыруды, жеке қаулы мен жеке ұйғарым шығаруды, жоғары тұрған соттардың төменгі тұрған соттардың шешімдерінің заңдылығын қадағалауды қамтиды.

Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатыларындағы сот бақылауы сот әділдігіне жатпайды, өйткені процеске қатысушылардың шағымдарын шешкен кезде, процессуалдық әрекеттерді жүргізуге рұқсат бергенде сот қылмыстық істі мәні бойынша шешпейді. Сонымен қатар сотқа дейінгі өндірісте өзінің бақылау функциясын атқарған кезде сот адамның кінәлілігі туралы мәселені шешпейді.

Сөйтіп, қылмыстық процестегі соттың негізгі функциясы болып сот әділдігін жүзеге асыру табылады, бірақ сотқа дейінгі өндірісте соттың негізгі функциясы сот бақылауымен шектеледі.

Қылмыстық іс қозғау және алдын ала тергеу сатыларында жүзеге асырылатын сот бақылауы сот билігін жүзеге асырудың бағыттарының бірі және дербес қылмыстық іс жүргізу функциясы болып табылып, соттың азаматтардың конституциялық немесе басқа құқықтары мен бостандықтарын шектейтін алдын ала тергеу органдарының әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз етуге бағытталған тексеру әрекеттерінің жүйесін құрайды.

Сотқа дейінгі өндірістегі сот бақылауының келесі түрлерін қарастыруға болады: 1) қамауға алу, үйде қамауда ұстау бұлтартпау шараларын қолдануға санкция беру туралы өтініштерді қарау; 2) қамауға алу, үйде қамауда ұстау бұлтартпау шараларының мерзімін ұзарту туралы өтініштерді қарау; 3) сотқа дейінгі өндірістегі қылмыстық істі жүргізуші органдар мен лауазым иелерінің әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарау.

Прокурордың, тергеу және анықтау органдарының іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне жасалған шағымдарды сотта қарау тәртібі.

Жеке басының құқықтары мен бостандықтарын прокурордың, тергеу және анықтау органдарының іс-әрекеті (әрекетсіздігі) және шешімі тікелей қозғайтын тұлға, егер мұндай іс-әрекеттердің (әрекетсіздіктердің) және шешімдердің заңдылығын тексеруді сот талқылауы кезеңіне дейін кейінге қалдыру адам мен азаматтың нұқсан келтірілген құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруді қиындатса немесе оның мүмкіндігін жоққа шығарса, қылмыс туралы арызды қабылдаудан бас тартылуына, сондай-ақ қылмыстық істі қозғаудан бас тарту, қылмыстық істі қозғау, тоқтата тұру және тоқтату, сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру, тінтуді және (немесе) алуды жүргізу, мүлікке тыйым салуды қолдану, кепілді қолдану, өзге де іс-әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасау және шешімдерді қабылдау кезіндегі заң бұзушылыққа шағымданып сотқа жүгіне алады. Шағым тиісті шешіммен танысқаннан кейін не осыған ұқсас шағымды прокурор қанағаттандырмай тастаған жағдайда тікелей сотқа беріледі. Қылмыстық ізге түсу органының қаулысына жасалған шағымды тексерген кезде сот осы Кодекске сәйкес қылмыстық істі мәні бойынша шешу кезінде сотта қарау нысанасы болып табылатын мәселелерді алдын ала шешпеуге тиіс. Сот тексеруінің шектері осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген іс-әрекеттерді

(әрекетсіздіктерді) жасау және шешімдерді қабылдау кезінде заң нормаларының сақталуын анықтаумен шектелген. Шағым түсіру шағым жасалып отырған іс-әрекеттің жүргізілуін және шағым жасалып отырған шешімнің орындалуын тоқтата тұрмайды. Шағым тұлғаның келіспейтін шешіммен танысқан күнінен бастап он бес тәулік ішінде не прокурордың өзінің атына берілген шағымды қанағаттандырудан бас тартатыны туралы хабарламасы алынғаннан кейін сол мерзімде немесе, егер прокурорға берілген шағымға жауап алынбаса, ол берілгеннен кейін он бес тәулік өткен күннен бастап қылмыстық процесті жүргізетін орган тұрған жердегі аудандық сотқа берілуі мүмкін. Шағымды судья ол келіп түскен кезден бастап он тәуліктің ішінде прокурордың, арыз берушінің және оның қорғаушысының, егер олар қылмыстық іске қатысса, заңды өкілінің немесе өкілінің, мүдделерін шағым жасалатын іс-әрекет (әрекетсіздік) және шешім тікелей қозғайтын өзге де адамдардың қатысуымен, жабық отырыста жеке-дара қарайды. Егер судья аталған адамдардың келуін міндетті деп таппаса, олардың сот отырысына келмеуі шағымды қарауға кедергі болмайды. Іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым жасалған лауазымды адамдар мұндай іс-әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауға және шешімдерге негіз болған материалдарды сотқа үш тәулік ішінде табыс етуге міндетті. Сот отырысы басталғанда судья қандай шағымның қаралуға жататынын хабарлайды, келген адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Содан соң, егер сот отырысына қатысып отырған болса, арыз беруші шағымды негіздейді, содан кейін келген басқа да адамдар тыңдалады. Шағымды қарау нәтижелері бойынша судья мынадай: 1) заңсыз деп танылған іс жүргізу шешімін бұзу туралы; 2) тиісті лауазымды адамның іс-әрекеттерін (әрекетсіздігін) заңсыз немесе негізсіз деп тану туралы және оның жол берілген бұзушылықты жоюға міндетті екені туралы; 3) прокурорға азаматтың немесе ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерінің жол берілген бұзылуын жою міндетін жүктеу туралы; 4) шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы қаулылардың бірін шығарады. Судьяның шығарған қаулысына ол жария етілген кезден бастап үш тәуліктің ішінде осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалар шағымдануы, сондай-ақ прокурор осы қаулы шығарған судьяның соты арқылы облыстық және оған теңестірілген сотқа наразылық беруі мүмкін. Шағымдану мерзімі өткеннен кейін іс бұл туралы осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалар мен прокурорға хабарлай отырып, шағыммен, наразылықпен бірге облыстық немесе оған теңестірілген сотқа жіберіледі. Облыстық немесе оған теңестірілген соттың судьясы осы баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көзделген қағидалар мен мерзімдерді сақтай отырып, шағымды, наразылықты қарайды және мынадай: шағымды, наразылықты қанағаттандырусыз қалдыру және аудандық немесе оған теңестірілген сот судьясының қаулысын өзгеріссіз қалдыру туралы; шағымды, наразылықты қанағаттандыру және аудандық немесе оған теңестірілген сот қаулысының күшін жою туралы шешімдердің бірін шығарады. Қылмыстық іс бойынша прокурордың, тергеу және анықтау органдарының осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілмеген іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдардың заңдылығын тексеруді сот істі мәні бойынша одан әрі қарау кезінде жүзеге асырады. Шет мемлекеттің аумағында қылмыс жасады деп айыпталған немесе сотталған адамды беру туралы шешімге шағым жасау және оның заңдылығы мен негізділігін соттың тексеруі осы ҚР ҚІЖК 531-1-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Айыпталушыны, сезіктіні қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру немесе қамауға алу мерзімін ұзарту туралы, қамауға алуға санкция беруден бас тарту немесе қамауға алу мерзімін ұзартудан бас тарту туралы сот қаулысына шағымдану, наразылық білдіру.

Айыпталушы, сезікті, олардың қорғаушысы, заңды өкілі, жәбірленуші, оның заңды өкілі, өкілі қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру немесе қамауға алу мерзімін ұзарту туралы, қамауға алуға санкция беруден бас тарту немесе қамауға алу мерзімін ұзартудан бас тарту туралы сот қаулысына судьясы қаулы шығарған сот арқылы

облыстық немесе оған теңестірілген сотқа оның жарияланған кезінен бастап үш тәулік ішінде шағымдануға, ал прокурор наразылық білдіруге құқылы. Шағым беру немесе наразылық келтіру, осы Кодекстің 154-бабының алтыншы бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы сот қаулысының орындалуын тоқтатпайды және адамды күзетпен ұстаудан босатуға әкеп соқпайды. Соттың қаулысына шағымдануға, наразылық білдіруге белгіленген мерзім өткеннен кейін шағымы, наразылығы бар іс бұл туралы айыпталушыға, сезіктіге, олардың қорғаушысына, заңды өкіліне, жәбірленушіге, оның заңды өкіліне, өкіліне және прокурорға хабар беріле отырып, облыстық немесе оған теңестірілген сотқа кідіріссіз жіберіледі. Облыстық немесе оған теңестірілген соттың судьясы қылмыстық іс сотқа келіп түскен кезден бастап үш тәуліктен кешіктірмей, айыпталушыға, сезіктіге қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға санкция беру немесе қамауға алу мерзімін ұзарту туралы, айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға санкция беруден бас тарту немесе қамауға алу мерзімін ұзартудан бас тарту туралы сот қаулысының заңдылығын және негізділігін тексеруді жүзеге асырады. Сот отырысына прокурор және айыпталушының, сезіктінің қорғаушысы қатысады. Отырысқа айыпталушы, сезікті, айыпталушының, сезіктінің заңды өкілі, жәбірленуші, оның заңды өкілі және өкілі де қатыса алады, шағымның, наразылықтың қаралатын уақыты туралы уақтылы хабарланған кезде олардың келмей қалуы соттың шағымды, наразылықты қарауына кедергі келтірмейді. 4. Сот тараптардың дәлелдемелерін тыңдап, қылмыстық істің материалдарын қарай келіп, мынадай: 1) аудандық немесе оған теңестірілген соттың қаулысын өзгеріссіз қалдыру туралы; 2) аудандық немесе оған теңестірілген соттың қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына берген санкциясының күшін жоя отырып, оның қаулысының күшін жою туралы; 3) аудандық немесе оған теңестірілген соттың қаулысының күшін жою туралы және айыпталушыға, сезіктіге қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы; 4) аудандық немесе оған теңестірілген соттың қаулысының күшін жою және айыпталушыны қамауға алу мерзімін ұзартудан бас тарту не ұзарту туралы дәлелді қаулылардың бірін шығарады. Сот қаулысының көшірмесі қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы өтінішпен іс қозғаған қылмыстық қудалау органына, сондай-ақ прокурорға, айыпталушыға, сезіктіге, қорғаушыға, айыпталушының, сезіктінің заңды өкіліне және өкіліне, жәбірленушіге, оның заңды өкіліне және өкіліне, адамды күзетпен ұстау орнының әкімшілігіне жіберіледі және дереу орындалуға тиіс. ҚР ҚІЖК-нің 110-бабының бірінші бөлігінде аталған адамдардың жасаған шағымы немесе прокурордың білдірген наразылығы қанағаттандырылмай қалған жағдайда, қамауға алу мерзімінің жаңадан әрбір ұзартылуы кезінде сол адамның немесе прокурордың нақ сол іс бойынша, нақ сол негіздер бойынша жасаған шағымын, білдірген наразылығын қайтадан қаратуға құқығы бар. Қайтадан жасалған шағым, білдірілген наразылық осы бапта көзделген тәртіппен қаралады.

Прокурордың сезіктіні, айыпталушыны медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға берген санкциясына сотқа шағымдану.

Прокурор санкцияландырған сезіктіні, айыпталушыны сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға шағымдану осы баптың екінші бөлігінде көзделген қосымшалармен бірге ҚР ҚІЖК 109-бабында көзделген ережелер бойынша жүзеге асырылады. Сот отырысы барысында судья тараптардың дәлелдерін тыңдап, қылмыстық ізге түсу органдарынан талап етілген қылмыстық істің материалдарын, ал қажет болған жағдайда - дәрігерлік комиссияның қорытындысын қарай келіп мынадай: 1) шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы; 2) сезіктіні, айыпталушыны медициналық ұйымға орналастыру немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын өзгерту және сезіктіні, айыпталушыны медициналық ұйымнан босату туралы шешімнің күшін жою туралы дәлелді шешімдердің біреуін шығарады.

Қамауға алу.



Қамауға алу бұлтартпау шарасы ретінде соттың санкция беруімен ғана және заңмен кемінде бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмыс жасаған деп айыпталушыға, сезіктіге қатысты ғана қолданылады. Ерекше жағдайларда бұл бұлтартпау шарасы заңмен кемінде бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмыс жасаған деп айыпталушыға, сезіктіге қатысты, егер: 1) оның Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жері болмаса; 2) оның жеке басы анықталмаса; 3) ол бұрын тандалған бұлтартпау шарасын бұзса; 4) ол қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынуға тырысса немесе жасырынса; 5) ол ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) құрамында қылмыс жасады деп айыпталса не оған күдік келтірілсе; 6) оның бұрын жасаған ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін соттылығы болса, қолданылуы мүмкін.

Прокурор, тергеуші, анықтау органы қамауға алуды бұлтартпау шарасы ретінде таңдау қажет болған кезде сот алдында қамауға алуға санкция беру туралы өтінішпен іс қозғау туралы қаулы шығарады. Қаулымен бірге өтініштің негізділігін растайтын қылмыстық істің материалдары қоса беріледі. Егер өтініш ҚР ҚІЖК 132 және 134-баптарындағы негіздерде және тәртіппен ұсталған сезіктіге қатысты қозғалса, аталған қаулы мен материалдар ұстау мерзімі аяқталғанға дейін он сегіз сағаттан кешіктірілмей прокурорға табыс етілуге тиіс. Айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға санкция беру туралы тергеушінің немесе анықтау органының өтінішін қолдау туралы мәселені шешу кезінде прокурор күзетпен ұстауға негіздерді қамтитын барлық материалдармен танысуға міндетті және айыпталушыдан, сезіктіден жауап алуға құқылы. Прокурор табыс етілген барлық материалдарды зерделеп, заңда көзделген негіздер болған кезде және неғұрлым жеңіл бұлтартпау шарасын таңдау жолымен ҚР ҚІЖК 139-бабында көзделген зардаптарды жою мүмкіндігі болмаған жағдайда, тергеушінің немесе анықтау органының айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға санкция беру туралы өтінішін қолдау туралы қаулы шығарады. Өтінішті қолдаудан бас тартылған жағдайда, прокурор тергеушінің немесе анықтау органының айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға санкция беру туралы өтінішін қолдаудан бас тарту туралы қаулы шығарады. Прокурор өтінішті қолдаудан бас тартқан кезде айыпталушы, сезікті күзетпен ұстаудан дереу босатылуға тиіс. Тергеушінің немесе анықтау органының айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға санкция беру туралы өтінішін қолдаудан бас тарту және күзетпен ұстаудан босату туралы прокурордың қаулысына тергеуші, анықтау органы не өздерінің немесе берілетін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын процеске қатысушылар жоғары тұрған прокурорға ҚР ҚІЖК 109-бабының тәртібімен шағым жасай алады. Тергеушінің, анықтау органының қамауға алуға санкция беру туралы өтінішін қолдау туралы прокурордың қаулысын, сондай-ақ оның негізділігін растайтын материалдарды прокурор ұстау мерзімі аяқталғанға дейін он екі сағаттан кешіктірмей сотқа табыс етуге тиіс. Судья қажет болған жағдайда қылмыстық істі сұратуға құқылы.

Қамауға алуға санкция беру құқығы аудандық және оған теңестірілген соттың судьяларына, ал ҚР ҚІЖК 110-бабы төртінші бөлігінің 3) тармағында көзделген жағдайларда - облыстық және оған теңестірілген соттың судьяларына тиесілі. Қылмыстық ізге түсу органының айыпталушыны, сезіктіні қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы өтінішпен іс қозғау туралы прокурор қолдаған қаулысы алдын ала тергеу ісі жүргізілген жер бойынша не сезіктінің ұсталған жері бойынша сот отырысында айыпталушының, сезіктінің, прокурордың және қорғаушының қатысуымен материалдар сотқа түскен кезден бастап сегіз сағат ішінде аудандық немесе оған теңестірілген сот судьясының жеке-дара қарауына жатады. Сот отырысына айыпталушының, сезіктінің заңды өкілі, жәбірленуші, оның заңды өкілі және өкілі де қатысуға құқылы. Процеске қатысушыларға сот отырысының орны мен уақыты туралы сот уақтылы хабарлаған жағдайда олардың сотқа келмей қалуы сот отырысын өткізуге кедергі болмайды. Сот отырысы барысында хаттама жүргізіледі.

Қамауға алуға санкция беруге байланысты мәселелерді шешу кезінде сот аталған бұлтартпау шарасын таңдау кезінде ескерілетін мән-жайларға қатысты істің материалдарын зерделеумен шектеледі. Айыпталушы болмаған кезде қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы өтінішті соттың қарауына оған іздестіру жарияланған немесе ол Қазақстан Республикасынан тыс жерде болған және сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланған кезде алдын ала тергеу органдарына келуден жалтарған жағдайларда ғана жол беріледі. Судья отырыстың басында қандай өтініштің қаралуға жататынын хабарлайды, сот отырысына келген адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Содан кейін прокурор айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуды бұлтартпау шарасы ретінде таңдаудың қажеттілігін негіздейді, бұдан соң сот отырысына келген басқа да адамдар тыңдалады. Судья айыпталушыны, күдіктіні қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы өтінішті қарап, айыпталушыны, күдіктіні қамауға алуға санкция беру туралы не қамауға алуға санкция беруден бас тарту туралы қаулы шығарады. Судья күдіктіні немесе айыпталушыны қамауға алуға санкция беруден бас тартқан кезде сот отырысының барысында прокурордың өтініші бойынша күдіктіге, айыпталушыға қатысты үйде қамауда ұстау түрінде бұлтартпау шарасын таңдауға құқылы. Сезіктіге, айыпталушыға қатысты үйде қамауда ұстау түрінде бұлтартпау шарасын таңдау туралы өтінішті прокурор қажет болған жағдайда, судья күдіктіні, айыпталушыны қамауға алуға санкция беруден бас тарту туралы қаулыны жария еткеннен кейін, өзі оған осы Кодекстің 150-бабында көзделген тәртіппен наразылық беруді орынсыз деп санаған жағдайда тікелей мәлімдей алады. Судья үйде қамауда ұстауға санкция беруден бас тарту туралы қаулы шығарған жағдайда прокурор оған ҚР ҚДЖК 110-бабында белгіленген қағидалар бойынша наразылық беруге құқылы. Соттың қаулысы қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы өтінішпен іс қозғаған қылмыстық қудалау органына, сондай-ақ прокурорға, айыпталушыға, сезіктіге, жәбірленушіге кідіріссіз жіберіледі және дереу орындалуға тиіс. Қылмыстық қудалау органының нақ сол қылмыстық іс бойынша нақ сол бір адамға қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру туралы өтінішпен сотқа қайтадан жүгінуіне, судья аталған бұлтартпау шарасына санкция беруден бас тарту туралы қаулы шығарғаннан кейін, қамауға алу қажеттігін негіздейтін жаңа мән-жайлар туындаған кезде ғана мүмкін болады. Егер сотталушы адамға қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау туралы мәселе сотта туындаса, сот бұл туралы шешімді тараптың өтініші бойынша немесе өз бастамасы бойынша қабылдайды, ол туралы қаулы шығарады. Қылмыстық процесті жүргізуші орган айыпталушының, сезіктінің туыстарына қамауға алуды бұлтартпау шарасы ретінде қолданатыны жөнінде ҚР ҚДЖК 138-бабында белгіленген тәртіппен хабарлауға міндетті. Айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға санкция беру туралы немесе одан бас тарту туралы соттың қаулысына ҚР ҚДЖК 110-бабында көзделген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін. Аудандық немесе оған теңестірілген соттың қамауға алуға санкция беруден бас тарту туралы қаулысының күші жойылған жағдайларда айыпталушыны, сезіктіні қамауға алуға санкция беру туралы мәселені облыстық немесе оған теңестірілген соттың қарауы ҚР ҚДЖК 110-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Үйде қамап ұстау сезіктіге, айыпталушыға қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын таңдауға мүмкіндік беретін шарттар болған, бірақ адамды толықтай оқшаулау қажет бола қоймайтын немесе жасы, денсаулық жағдайы, отбасылық жағдайы және басқа да мән-жайлар ескеріле отырып, дұрыс емес деп ұйғарылған кезде ҚР ҚДЖК 150-бабында көзделген тәртіппен соттың санкциясымен қолданылады. Бұлтартпаудың аталған шарасын таңдау туралы қаулыда қамауға алынған адамға қолданылатын бостандығын нақты шектеу және белгіленген шектеулердің сақталуына қадағалауды жүзеге асыру жүктелген орган немесе лауазымды адам көрсетіледі. Қамап ұсталатын адамға белгілі бір адамдармен қарым-қатынас жасауға, хат-хабар алуға және жөнелтуге, кез келген байланыс құралдарын пайдалану арқылы сөйлесуге тыйым салынуы, сондай-ақ тұрғын үйден

шығуға шектеу белгіленуі мүмкін. Қамап ұсталатын адамның тұрғылықты жері күзетілуі мүмкін. Қажет болған кезде оның мінез-құлқын қадағалау белгіленеді. Қамауға алынған адамның тұрғын үйден шығуына белгіленген шектеулерді сақтауын қадағалауды жүзеге асыру кезінде қылмыстық процесті жүргізуші орган тәуліктің кез келген уақытында оның тұрғылықты жерінде болуын тексеруге құқылы. Тексеру күндізгі уақытта екі реттен артық және түнгі уақытта бір реттен артық жүргізілмейді. Лауазымды адамның қамауда отырған адамның тұрғын үйінде болуына осы адамның және онымен бірге тұратын адамдардың келісімімен жол беріледі және ол отыз минуттан аспауға тиіс. Үйде қамауда ұстаудың мерзімі, оны ұзартудың және оған шағымданудың тәртібі ҚР ҚІЖК 110, 153 және 496-499-баптарында белгіленген ережелермен айқындалады.

Қамауға алудың мерзімдері, оларды ұзарту тәртібі.

Іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде қамауға алудың мерзімі, осы Кодексте көзделген ерекше жағдайларды қоспағанда, екі айдан аспауға тиіс. Күдіктіні қамауға алу мерзімі оған бұлтартпау шарасын қолданған кезден бастап, ал егер күдікті ұсталып, содан соң күзетпен қамауға алынған болса, ұсталған кезінен бастап он тәуліктен аспауға тиіс.

Тергеуді екі айға дейінгі мерзімде аяқтау мүмкін болмаған жағдайда және бұлтартпау шарасын өзгерту немесе оның күшін жою үшін негіздер болмаған кезде бұл мерзімді тергеушінің аудандық (қалалық) прокурормен және оған теңестірілген өзге де прокурорлармен келісілген дәлелді өтініші бойынша аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы - үш айға дейін, ал тергеушінің облыс прокурорымен және оған теңестірілген прокурорлармен және олардың орынбасарларымен келісілген дәлелді өтініші бойынша аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы - алты айға дейін ұзартуы мүмкін. Қамауға алуды алты айдан астам мерзімге ұзартуды тек істің ерекше күрделілігіне орай тергеу бөлімі бастығының облыс прокурорымен және оған теңестірілген прокурорлармен келісілген дәлелді өтініші бойынша аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы - тоғыз айға дейін жүзеге асыруы мүмкін. Қамауға алуды тоғыз айдан астам мерзімге ұзартуға ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін айыпталушы адамдарға қатысты ерекше жағдайларда тергеу бөлімі бастығының облыс прокурорымен және оған теңестірілген прокурорлармен келісілген дәлелді өтініші бойынша аудандық және оған теңестірілген сот судьясының он екі айға дейін ұзартуына жол беріледі. Қамауға алуды тоғыз айдан астам мерзімге ұзарту туралы мәселе облыс прокуратурасының және оған теңестірілген прокуратураның алқасында алдын ала қаралады. Қамауға алу мерзімін бұдан әрі ұзартуға жол берілмейді, қамауға алынған айыпталушы дереу босатылуға тиіс. Қамауға алу мерзімі айыпталушыға айып тағылған қылмысты жасағандығы үшін қылмыстық заңда көзделген бас бостандығынан айырудың ең жоғары мерзімінен аспауға тиіс.

Қамауға алу мерзімін үш айға дейін ұзарту туралы өтініш аудандық (қалалық) прокурорға және оған теңестірілген өзге де прокурорларға қамауға алу мерзімі аяқталғанға дейін он тәуліктен кешіктірілмей келісім беру үшін табыс етіледі және прокурор өтініш келіп түскен кезден бастап үш тәуліктен аспайтын мерзімде қарайды. Қамауға алуды үш айдан астам мерзімге ұзарту туралы өтініш келісім беру үшін прокурорға қамауға алу мерзімі аяқталғанға дейін он бес тәуліктен кешіктірілмей табыс етіледі және прокурор ол келіп түскен кезден бастап бес тәуліктен аспайтын мерзімде қарайды.

Қамауға алу мерзімін ұзарту туралы өтінішті қарап, прокурор келісімін білдіреді және оны қамауға алу мерзімін ұзартудың негізділігін дәлелдейтін қылмыстық істің материалдарымен бірге тиісті сотқа кідіріссіз жолдайды не өтінішке жазбаша қарар жазып, келісім беруден дәлелді түрде бас тартады. Прокурор қамауға алу мерзімін ұзарту туралы өтінішті қолдамаған жағдайда айыпталушы қамауға алу мерзімі аяқталғаннан кейін дереу босатылуға тиіс.

Қамауға алу мерзімін үш айға дейін ұзарту туралы өтініш сотқа - қамауға алу мерзімі аяқталғанға дейін жеті тәуліктен кешіктірілмей, қамауға алуды үш айдан астам мерзімге

ұзарту туралы өтініш он тәуліктен кешіктірілмей табыс етіледі. Қамауға алу мерзімін ұзарту туралы өтініш судьяның жеке-дара қарауына жатады. Сот отырысына міндетті түрде прокурор қатысады. Отырысқа айыпталушының қорғаушысы, заңды өкілі, жәбірленуші, оның заңды өкілі және өкілі де қатыса алады, олардың өтінішті қарау уақыты туралы уақтылы хабарланған кезде келмей қалуы оларды сотта қарауға кедергі келтірмейді. Судья отырыстың басында қандай өтініштің қаралуға жататынын хабарлайды, келген адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, содан кейін енгізілген өтініш бойынша қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қалдыру қажеттігіне қатысты тараптардың дәлелдемелерін тыңдай келіп, мынадай: 1) айыпталушыны қамауға алу мерзімін ұзарту туралы өтінішті қанағаттандыру туралы; 2) айыпталушыны қамауға алу мерзімін ұзарту туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тарту және бұлтартпау шарасының күшін жою немесе қатаң еместеуіне өзгерту және айыпталушыны күзетпен ұстаудан босату туралы қаулылардың бірін шығарады. Қамауға алу мерзімін ұзарту туралы өтінішті аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы өтініш келіп түскен күннен бастап үш тәуліктен аспайтын мерзімде қарауға тиіс.

Қамауға алудың мерзімі айыпталушы, сезікті күзетпен ұстауға алынған кезден бастап прокурор істі сотқа жібергенге дейін есептеледі. Адамды сезікті ретінде ұстау уақыты, соттың шешімі бойынша үйде қамауда ұстау және психиатриялық немесе өзге де медициналық ұйымда мәжбүрлі түрде болу уақыты қамауға алу мерзіміне есептеледі. Айыпталушының, оның қорғаушысының, сондай-ақ прокурордың ҚР ҚІЖК 282-бабының тәртібімен қылмыстық істің материалдарымен танысу уақыты қамауға алу мерзімін есептеу кезінде ескерілмейді. Айыпталушыны, сезіктіні нақ сол бір іс бойынша, сондай-ақ онымен біріктірілген немесе одан бөлектелген қылмыстық іс бойынша қайта қамауға алу жағдайында қамауға алу мерзімі күзетпен ұстауда өткізілген уақыт ескеріле отырып есептеледі. Іздестірілудегі адамды шет мемлекет Қазақстан Республикасына берген жағдайда қамауға алу мерзімі ол Қазақстан Республикасының аумағына келген күннен бастап есептеледі. Бұл ретте адамды шет мемлекеттің аумағында экстрадициялық қамауға алу тәртібімен күзетпен ұстау уақыты оны берген жағдайда жаза тағайындау кезінде жалпы күзетпен ұстау мерзіміне есептеледі.

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. Сот бақылауының түсінігі, сот бақылауы мен прокурорлық қадағалаудың ара қатынасы
2. Сот бақылауының түрлері
3. Қамауға алу, үйде қамауда ұстау бұлтартпау шараларын қолдануға санкция беру туралы өтініштерді қарау тәртібі
4. Қамауға алу, үйде қамауда ұстау бұлтартпау шараларының мерзімін ұзарту туралы өтініштерді қарау тәртібі
5. Сотқа дейінгі өндірістегі қылмыстық істі жүргізуші органдар мен лауазым иелерінің әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарау тәртібі

## **8-тақырып. Бірінші сот инстанциясында қабылданатын сот шешімдері.**

**Түйінді сөздер:** бірінші сот инстанциясы, соттылық, басты сот талқылауын тағайындау, басты сот талқылауы.

**Негізгі сұрақтар:**

1. Қылмыстық істердің соттылығы
2. Басты сот талқылауын тағайындау сатысында сот шешетін мәселелер
3. Алдын ала тыңдау жүргізу
4. Басты сот талқылауы және оның жүйесі
5. Сот тергеуін қысқартылған тәртіппен жүргізу

## 6. Үкім және оның түрлері

### Дәріс тезистері:

Аудандық және оған теңестірілген сот бірінші сатыдағы соттар ретінде іс-қимыл жасайды. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың соттылығына жатқызылған істерді қоспағанда, барлық қылмыстық істер аудандық және оған теңестірілген соттың соттауына жатады.

Қылмыстық іс қылмыс жасалған жердегі сотта қаралуға тиіс. Егер қылмыс бір соттың қызмет жасайтын жерінде басталып, басқа соттың қызмет жасайтын жерінде аяқталса, іс тергеу аяқталған жердегі сотта қаралады. Егер қылмыс Қазақстан Республикасынан тысқары жерде жасалса немесе қылмыс жасалған жерді анықтау мүмкін болмаса, немесе қылмыстар әртүрлі жерде жасалса, істі тергеу аяқталған жердегі сот қарайды.

Егер сот келіп түскен істің өзінің қарауына жатпайтынын анықтаса, онда істі соттың қаралуына жатқызылуы бойынша жібереді. Егер ҚІЖК-нің 294-бабында көзделген істің аумақтық сот қаралуына жатқызылуы ережелерін бұзушылық басты сот отырысында анықталса, онда процестің барлық қатысушыларының келісімімен сот істі өзінің іс жүргізуінде қалдыруға құқылы. Егер істің жоғары тұрған немесе әскери соттың қарауына жататынын анықталса, ол барлық жағдайларда сот қаралуына жатқызылуы бойынша жіберілуге тиіс.

Жекелеген жағдайларда, істі мейлінше тез, жан-жақты және объективті қарау мақсатында ол тараптардың өтініші немесе келісімі бойынша бір соттан сол деңгейдегі басқа соттың қарауына берілуі мүмкін. Бұл ретте істі беруге оның сот отырысында қаралуына дейін ғана жол беріледі. Тараптың өтініші, судьяның немесе сот төрағасының ұсынуы бойынша іс, сондай-ақ егер белгілі бір соттың барлық судьяларына бөгет болып отырған жағдайларға байланысты істі қарауға мүмкіндігі болмаса, бір соттан сол деңгейдегі басқа соттың қарауына берілуі мүмкін.

Соттардың арасындағы сот қаралуына жататындығы туралы дауларды жоғары тұрған сот шешеді, оның шешімі түпкілікті болып табылады және ол шағымдануға жатпайды. Тараптардың бұл сотта істің қаралуға жатпайтындығы туралы арыздарын сол сот шешеді. Тарап (тараптар) істің сот қарауына жатпайтындығы туралы арыздарын қанағаттандырмай тастау туралы сот қаулысына жоғары тұрған сотқа шағымдануы мүмкін, ал оның шешімі түпкілікті болып табылады және оған шағым жасауға, наразылық білдіруге болмайды.

Қылмыстық іс сотқа түскен кезде соттың төрағасы немесе оның тапсыруы бойынша басқа судья істі сотта іс жүргізуге қабылдау туралы мәселені шешеді. Судья келіп түскен іс бойынша:

- 1) басты сот талқылауын тағайындау;
- 2) істі алдын ала тыңдауды жүргізу туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Судья іс бойынша шешімді қаулы нысанында қабылдайды, онда:

- 1) қаулының шығарылған уақыты мен жері;
- 2) қаулы шығарған судьяның лауазымы мен тегі;
- 3) қабылданған шешімдердің негіздері мен мәні көрсетілуге тиіс.

Шешім іс сотқа келіп түскен сәттен бастап бес тәуліктен кешіктірілмей қабылдануға тиіс. Судья қаулы шығарумен бір уақытта айыпталушыға бұлтартпау шарасын қолданудың немесе қолданбаудың негізділігі туралы және егер бұлтартпау шарасы таңдалса, оның түрінің негізділігі немесе негізсіздігі туралы мәселені қарауға міндетті. Судья сот отырысын тағайындаудың мүмкіндігі туралы мәселені шешу кезінде сотталушылардың әрқайсысына қатысты мыналарды:

- 1) істің аталған соттың қарауына жататындығын;
- 2) іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға не уақытша тоқтатуға әкеп соқтыратын жағдайдың болу-болмауын;

3) анықтау және алдын ала тергеу жүргізу кезінде сот мәжілісін тағайындауға кедергі келтіретін қылмыстық іс жүргізу заңын бұзуға жол берілген-берілмегендігін;

4) айыптау қорытындысының немесе айыптау хаттамасының көшірмесі берілген-берілмегендігін;

5) айыпталушыға таңдап алынған бұлтартпау шарасының өзгертуге немесе тоқтатуға жататын-жатпайтындығын;

6) қылмыспен келтірілген залалды өтеуді және мүлкін ықтимал тәркілеуді қамтамасыз ету шаралары қабылданған-қабылданбағанын;

7) арыздар мен өтініштердің қанағаттандыруға жататын-жатпайтындығын анықтауға тиіс.

Судья істі қосымша тергеуге қайтару, іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру, істі соттылығы бойынша жіберу, істі қысқарту, қылмыстық істерді біріктіру туралы шешімдерді қабылдау үшін, сондай-ақ тараптардың өтініштерін қарау және сот талқылауын қысқартылған тәртіппен өткізу туралы мәселені шешу үшін тараптардың қатысуымен істі алдын ала тыңдауды өткізеді. Істі алдын ала тыңдауды судья соттың жабық отырысында жеке-дара өткізеді. Істі алдын ала тыңдау өткізілетін уақыт пен орын тараптарға хабарланады. Істі алдын ала тыңдау барысында хаттама жүргізіледі. Сот отырысына сотталушының, оның қорғаушысы мен мемлекеттік айыптаушының қатысуы міндетті. Алдын ала тыңдау сотталушы бұл жөнінде өтінген кезде оның қатысуынсыз жүргізіледі. Қорғаушы дәлелді себептерсіз келмей қалған жағдайда, сондай-ақ оның алдын ала тыңдауға қатысуға мүмкіндігі болмаған кезде, судья сот отырысына жаңадан тағайындалған қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге шаралар қолданады. Сот отырысына жәбірленуші мен оның өкілінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің немесе олардың өкілдерінің келмеуі істі алдын ала тыңдауға кедергі болмайды. Істі алдын ала тыңдаудың нәтижелері туралы судья қаулы шығарады, онда қаралған мәселелер бойынша шешімді баяндайды. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру үшін, істі қысқарту үшін немесе істі қосымша тергеуге қайтару үшін негіздер болмаған жағдайда сот басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулы шығарады. Егер алдын ала тыңдау барысында прокурор айыптауды өзгертсе, судья мұны қаулыда көрсетеді. Егер прокурордың айыптауды өзгертуі соттауға жатқызудың өзгеруіне әкеп соқса, судья істі айыптау қорытындысын, айыптау хаттамасын қайта жасау және істі соттауға жатқызу бойынша жіберу үшін прокурорға қайтарады.

Анықтау немесе алдын ала тергеу процесінде ҚР ҚДЖК-нің процеске қатысушылардың құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі барлық талаптары сақталған және істі сотта қарауға кедергі келтіретін өзге негіздер жоқ деген пікірге келген судья басты сот талқылауын тағайындау туралы шешім қабылдайды. Басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулы :

1) сотталушы болып табылатын адамды көрсетуді;

2) оны бұзу сотталушыға есептелетін қылмыстық заңды дәл көрсетуді;

3) бұлтартпау шарасы мен келтірілген залалдарды қамтамасыз ету шараларын сақтау, тоқтату, өзгерту немесе таңдау туралы шешімді;

4) процеске қатысушылардың қарсылық білдіру, өтініштер және өзге де мәлімдемелері бойынша шешімдерді;

5) қорғаушы ретінде айыпталушы таңдаған немесе соңғысына тағайындалған қорғаушыға рұқсат ету туралы шешімді;

6) басты сот отырысына шақыруға жататын адамдардың тізбесін;

7) заң оның ісін сырттай қарауға жол беретін жағдайда істі айыпталушының қатысуынсыз тыңдау туралы шешімді;

8) басты сот талқылауының орны мен уақыты туралы мәліметті;

9) ҚР ҚДЖК көзделген жағдайларда істі соттың жабық отырысында қарау туралы шешімді;

10) сот ісі қай тілде жүргізілетіні туралы шешімді;

11) запастағы судья туралы шешімді қамтуы тиіс.

Егер іс бойынша алдын ала тыңдау жүргізілсе, басты сот отырысын тағайындау туралы қаулыда талқылауға қойылған мәселелер жөніндегі шешімдер баяндалуы қажет. Басты сот талқылауы тараптарға сот отырысының болатын орны мен басталатын уақыты хабарланған кезден бастап кемінде үш тәуліктен кейін және оның тағайындалуы туралы қаулы шығарылған кезден бастап он бес тәуліктен кешіктірілмей басталуға тиіс. Ерекше жағдайларда бұл мерзім судьяның қаулысымен ұзартылуы мүмкін, бірақ ол отыз тәуліктен аспауға тиіс. Басты сот талқылауы бір ай мерзімде аяқталуға тиіс, ерекше жағдайларда бұл мерзім судьяның дәлелді қаулысымен ұзартылуы мүмкін.

Судья істі тараптың өтініші бойынша:

1) егер ол қаралып отырған іспен байланысты болып, істе айыпталушыға басқа айып тағуға негіздердің болуы немесе егер олардың әрекеті қаралып отырған іспен байланысты болып, басқа адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіздер болса және жаңа адамдарға қатысты істі жеке қарау мүмкін болмаса;

2) айыптау актісінде көрсетілген айыптауды бастапқы тағылған айыптаудан неғұрлым ауыр немесе елеулі түрде өзгеше айыптауға өзгерту қажеттігі болған жағдайларда қосымша тергеуге жіберуге құқылы.

Судья істі алдын ала тыңдауды өткізу нәтижелері бойынша тараптың өтініші бойынша да, өз бастамашылығы бойынша да іс дұрыс біріктірілмеген немесе бөлінбеген, не басты сот талқылауын тағайындауға кедергі келтіретін қылмыстық іс жүргізу заңын басқа да елеулі бұзушылық анықталған жағдайларда, басты сот талқылауын тағайындамай-ақ істі қосымша тергеуге жіберуге құқылы. Іс қосымша тергеуге прокурор арқылы жіберіледі. Бұл ретте судья қаулыда істің қандай негіз бойынша қайтарылып отырғанын көрсетуге, сондай-ақ айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасы туралы мәселені шешуге міндетті.

Үкім шығару. Үкімнің сот әділдігі актісі ретіндегі түсінігі және маңызы. Үкімнің заңдылығы және негізділігі. Үкімнің түрлері. Айыптау үкімінің түрлері. Ақтау үкімін шығарудың негіздері. Үкім шығару кезінде азаматтық талап мәселесін шешу. Сот шығындары мәселесін шешу. Үкім шығарудың тәртібі. Судьялардың кеңесуінің құпиясы. Судьялардың кеңесуінің тәртібі. Судьяның ерекше пікірі. Үкім жазу. Үкімнің мазмұны, нысаны және құрылымы. Үкімді жариялау. Соттың жеке қаулысы, оны шығарудың негіздері мен тәртібі. Соттың жеке қаулыларының маңызы.

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық істердің соттылығының түсінігі және белгілері
2. Басты сот талқылауын тағайындау сатысында сот шешетін мәселелер
3. Алдын ала тыңдау жүргізудің негіздері және тәртібі
4. Басты сот талқылауы және оның жүйесі
5. Сот тергеуін қысқартылған тәртіппен жүргізу негіздері және тәртібі
6. Ақтау үкімі және оны шығару негіздері
7. Айыптау үкімі және оның түрлері
8. Айыптау үкімінің құрылымы

## **9-тақырып. Апелляциялық және кассациялық сот инстанцияларында қабылданатын сот шешімдері.**

**Түйінді сөздер:** апелляциялық сот инстанциясы, кассациялық сот инстанциясы, апелляциялық өндіріс, кассациялық өндіріс.

**Негізгі сұрақтар:**

1. Апелляциялық өндіріс
2. Кассациялық өндіріс
3. Үкімнің күшін жоюға немесе оны өзгертуге негіздер

## Дәріс тезистері:

Тараптар заңды күшіне енбеген сот үкімдеріне қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген ережелерге сәйкес апелляциялық тәртіппен шағым жасауы және наразылық білдіруі мүмкін. Үкімге шағымдану құқығы сотталушыға, ақталушыға, олардың қорғаушылары мен заңды өкілдеріне, жәбірленушіге және оның өкіліне тиесілі. Азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері үкімге, оның азаматтық талапқа қатысты бөлігінде шағым жасауға құқылы. Назылық білдіру құқығы істі қарауға мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысушы прокурорға тиесілі. Қазақстан Республикасының Бас прокуроры мен оның орынбасарлары, облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарлары, аудандардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарлары істі қарауға қатысуына қарамастан өз құзыреті шегінде үкімге наразылық білдіруге құқылы.

Аудандық және оларға теңестірілген соттардың заңды күшіне енбеген үкімдеріне апелляциялық шағымдарды, наразылықтарды облыстық және соларға теңестірілген соттардың қылмыстық істер жөніндегі алқасы қарайды. Облыстық және оларға теңестірілген соттардың заңды күшіне енбеген үкімдеріне апелляциялық шағымдарды, наразылықтарды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасы қарайды.

Шағымдар, наразылықтар үкім қабылдаған сот арқылы беріледі. Апелляциялық сатыларға тікелей келіп түскен шағымдар, наразылықтар ҚДЖК 401-бабының және 402-бабының екінші бөлігінің талаптарын орындау үшін үкім қабылдаған сотқа жіберуге жатады. Істі екінші қайтара қараған кезде шығарылған үкімге жалпы тәртіпте шағым берілуі, наразылық білдірілуі мүмкін.

Бірінші сатыдағы соттың үкіміне шағымдар, наразылықтар апелляциялық тәртіпте үкім жарияланған күннен бастап он бес тәулік ішінде берілуі мүмкін, ал қамауда отырған сотталған адам оны өзіне үкім көшірмесі табыс етілген күннен бастап нақ сондай мерзімде бере алады. Үкімге шағым жасау үшін белгіленген мерзім ішінде іс соттан талап етіле алмайды. Мерзімі өткеннен кейін берілген шағым, қарсылық қараусыз қалдырылады.

Шағым беруге, наразылық білдіруге арналған мерзім дәлелді себептермен өтіп кеткен жағдайда шағым беруге, наразылық білдіруге құқығы бар адамдар үкімді қабылдаған сотқа өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш жасай алады. Мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішті істі сот талқылауы кезінде төрағалық етуші судья, ал ол ұзақ уақыт бойы болмаған кезде осы соттың басқа судьясы сот мәжілісінде қарайды, ол өтінішті қозғаған адамды түсінік беру үшін шақыртуға құқылы. Өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіруден бас тарту туралы судьяның қаулысына жоғары тұрған сотқа шағым берілуі, наразылық білдірілуі мүмкін, ол өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіруге және ҚДЖК-нің 401-бабында және 402-бабының екінші бөлігінде баяндалған талаптарды сақтай отырып шағым, наразылық бойынша істі қарауға құқылы.

Үкімді қабылдаған сот шағым беру немесе наразылық білдіру туралы сотталушыны немесе ақталушыны, қорғаушыны, айыпталушыны, жәбірленушіні және оның өкілін, сондай-ақ, егер шағым, наразылық олардың мүдделерін қозғайтын болса, азаматтық талапкерді, азаматтық жауапкерді немесе олардың өкілдерін хабардар етеді. Шағымның, наразылықтың көшірмесі аталған адамдарға беру мерзімі көрсетіле отырып оларға жазбаша түрде қарсылық беру мүмкіндігі түсіндіріліп жіберіледі.

Шағымға, наразылыққа келіп түскен қарсылық іске тігіледі. Тараптар шағым, наразылық негіздерін не басқа тараптың шағымына, наразылығына қарсы жазылған қарсылық негіздерін растау үшін сотқа жаңа материалдар табыс етуге немесе, егер іс апелляциялық тәртіпте қаралатын болса, өздері атаған куәгерлер мен сарапшыларды сотқа шақыру туралы өтініш жасауға құқылы.

Шағым беру және наразылық білдіру үкімнің орындалуын тоқтата тұрады. Бірінші сатыдағы сот үкімге (қаулыға) шағымдану, наразылық келтіру үшін белгіленген мерзім біткеннен кейін бір тәуліктен кешіктірмей, ҚДЖК-нің 401-бабының талаптарын



орындайды, содан кейін істі келіп түскен шағымдармен, наразылықпен және оларға қарсылықтармен қоса апелляциялық сатыға жібереді және процеске қатысушыларға істің апелляциялық сатыда қаралатын уақыты мен орнын хабарлайды. Үкімге шағымданған, наразылық білдірген адам өзінің шағымын, наразылығын апелляциялық сатыларда сот отырысы басталғанға дейін қайтарып алуға құқылы. Прокурордың наразылығын жоғары тұрған прокурор да кері қайтарып алуы мүмкін. Үкімге шағымданған, наразылық білдірген адам сот отырысы басталғанға дейін өзінің шағымын, наразылығын өзгертуге не жаңа дәлелдермен толықтыруға құқылы. Бұл ретте прокурордың қосымша наразылығында немесе оның наразылықты өзгерту туралы мәлімдемесінде, сол сияқты жәбірленушінің, жеке айыптаушының немесе олардың өкілдерінің үкімге шағымдану және наразылық білдіру мерзімі өткеннен соң берілген қосымша шағымында, егер мұндай талап бастапқы наразылықта немесе шағымда болмаса, сотталушының жағдайын нашарлату туралы мәселе қойылмауға тиіс.

Бірінші сатыдағы соттың қаулысына ҚІЖК-нің 396-бабында көрсетілген адамдар жеке шағым жасауы, наразылық білдіруі мүмкін. Дәлелдерді тексеру тәртібіне, процеске қатысушылардың өтініштеріне, сондай-ақ сот мәжілісі залында тәртіп сақтауға, ҚІЖК-нің 10-бабының екінші бөлігінде көрсетілген мәселелерге қатысты, әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны қоспағанда, сот талқылауы барысында шығарылған қаулылар шағымдануға, наразылық білдіруге жатпайды. Жоғарыда аталған шешімдерге қарсылық білдіру үкімге апелляциялық тәртіпте шағымдану немесе наразылық білдіру кезінде жазылуы мүмкін. Бірінші сатыдағы соттың қаулысына жеке шағым, наразылық жоғары тұрған сотқа шағымданатын шешім шығарылған күннен бастап он бес тәулік ішінде беріледі және апелляциялық іс жүргізу ережелері бойынша қаралады. Қарау нәтижелері бойынша шағымды, наразылықты қанағаттандырусыз қалдыру туралы не шағымданған шешімді жою немесе өзгерту туралы қаулы шығарылады. Үкім шығарумен аяқталған сот талқылауы кезінде шығарылған қаулыға шағым берілген, наразылық білдірілген жағдайда, іс жоғары тұрған сот сатысына үкімге шағымдану үшін белгіленген мерзім өткен соң ғана жіберіледі. Бұл ретте, егер үкімге апелляциялық шағым берілген, наразылық білдірілген болса, жеке шағымды, наразылықты тексеру істі апелляциялық тәртіпте қарайтын сол сот сатысы жүргізеді. Сот қаулысына шағымдануға сондай-ақ, егер қаулы олардың мүдделеріне қатысты болса, бұл істе тараптар болып табылмайтын адамдар да құқылы.

Апелляциялық тәртіпте істі қарайтын сот үкімнің заңдылығын, негізділігін, әділдігін тек үкімге шағым берілген немесе наразылық білдірілген бөлігінде және тек шағым немесе наразылық білдірілген сотталушыларға қатысты ғана тексереді. Егер істі қараған кезде заңсыз үкімнің қабылдануына алып келген сотталушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы белгілі болса, сот ҚР ҚІЖК көзделген ережелерді сақтай отырып, үкімді сондай-ақ шағым берілмеген, наразылық білдірілмеген бөлігінде де және шағым бермеген, наразылық білдірмеген адамдарға қатысты да жоюға немесе өзгертуге құқылы.

Апелляциялық сатыдағы сот апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша істің нақты мән-жайын анықтаудың және қылмыстық заңды қолданудың дұрыстығын, іс жүргізуді жүзеге асыру кезінде қылмыстық іс жүргізу заңы нормаларының сақталуын, істе бар және қосымша табыс етілген материалдар бойынша бірінші сатыдағы сот үкімінің немесе қаулысының заңдылығы мен негізділігін толық көлемінде тексереді. Іс апелляциялық тәртіппен ол келіп түскен күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қаралуға тиіс. Дәлелді себептер болған жағдайда бұл мерзім іс жүргізіп жатқан апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы бойынша бір айға ұзартылуы мүмкін. Қажет болған жағдайда істі апелляциялық сатыда қарау мерзімін одан әрі ұзарту қылмыстық істер жөніндегі тиісті сот алқасы төрағасының немесе тиісті сот төрағасының қаулысымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Апелляциялық шағымда, наразылықта:

1) шағым, наразылық жолданып отырған соттың атауы;

- 2) іс жүргізілгендегі жағдайы, тұрғылықты жері немесе жүрген жері көрсетіле отырып, шағым жасаған немесе наразылық келтірген адам туралы деректер;
- 3) шағым жасалып, наразылық келтіріліп отырған үкім немесе қаулы және осы шешімді шығарған соттың атауы;
- 4) үкімге, қаулыға толық немесе оның бір бөлігіне шағым жасалып, наразылық келтіріліп отырғанын көрсету;
- 5) шағым, наразылық келтірген адамның пікірінше сот үкімінің, қаулысының дұрыс еместігі неде екендігі жөніндегі дәлелдері және оның өтінішінің мәні;
- 6) арыз беруші өз талаптарына негіз ететін, соның ішінде бірінші сатыдағы сот зерттемеген дәлелдемелер;
- 7) шағымға, наразылыққа қоса тіркеліп отырған материалдардың тізбесі;
- 8) шағым, наразылық келтірілген күн және шағым, наразылық келтірген адамның қолы болуға тиіс.

Жасалған шағым, келтірілген наразылық осы талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, олар берілген деп есептеледі, бірақ аяғына дейін ресімдеу үшін мерзімі көрсетіліп қайтарылады. Егер қайта жасалғаннан кейін апелляциялық шағым, наразылық аталған мерзім ішінде сотқа табыс етілмесе, олар берілмеген болып есептеледі.

Апелляциялық сатыдағы сот апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша істің нақты мән-жайын анықтаудың және қылмыстық заңды қолданудың дұрыстығын, іс жүргізуді жүзеге асыру кезінде қылмыстық іс жүргізу заңы нормаларының сақталуын, істе бар және қосымша табыс етілген материалдар бойынша бірінші сатыдағы сот үкімінің немесе қаулысының заңдылығы мен негізділігін толық көлемінде тексереді.

Іс апелляциялық тәртіппен ол келіп түскен күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қаралуға тиіс. Дәлелді себептер болған жағдайда бұл мерзім іс жүргізіп жатқан апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы бойынша бір айға ұзартылуы мүмкін. Қажет болған жағдайда істі апелляциялық сатыда қарау мерзімін одан әрі ұзарту қылмыстық істер жөніндегі тиісті сот алқасы төрағасының немесе тиісті сот төрағасының қаулысымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Апелляциялық сатыдағы сот отырысын белгілеу. Бірінші сатыдағы сот апелляциялық шағымдар жасау мен наразылық білдіруге арналған мерзім біткен соң және ҚРҚДЖК [401-бабының](#) талаптары орындалғаннан кейін істі қараудың жоғары тұрған соттың келісімімен белгіленетін уақыты мен орнын көрсете отырып, істі тиісті апелляциялық сатыға жібереді. Бірінші сатыдағы сот істің қаралатын уақыты мен орны туралы тараптарға хабарлайды. Қамауда отырған сотталған адамды сот отырысына шақыру туралы мәселені апелляциялық сатыдағы сот шешеді. Қамауда отырған сотталған адамнан оның жағдайын нашарлатуға бағытталған шағымды немесе прокурордың наразылығын қарау кезінде апелляциялық сатыға қатысу туралы өтініш түскен кезде, бірінші сатыдағы сот істі сотталғанның тікелей қатысуымен не ғылыми-техникалық құралдарды қолдана отырып қарау туралы қаулы шығарып, оны орындау үшін тиісті органдарға жібереді. Апелляциялық отырыстың орны мен уақыты туралы уақтылы хабарланған адамдардың келмеуі істі қарауға кедергі болмайды. Прокурордың апелляциялық сатыда қатысуы міндетті.

Апелляциялық сатыда істі қарау тәртібі:

Төрағалық етуші сот отырысын ашады, қандай іс және кімнің апелляциялық шағымы немесе наразылығы бойынша қаралып жатқанын хабарлайды. Содан кейін төрағалық етуші сот құрамын, іс бойынша тараптар болып табылатын, қатысып отырған адамдардың фамилиясын, сондай-ақ аудармашылардың фамилиясын хабарлайды.

Төрағалық етуші отырысқа қатысушы адамдарға олардың апелляциялық сатыда істі қараған кездегі іс жүргізу құқықтарын түсіндіреді.

Төрағалық етуші тараптардан олардың бас тартуы мен өтінімдерінің бар-жоғын сұрайды, ал егер олар мәлімделсе, олар бойынша процеске қатысушылардың пікірін анықтайды, содан кейін сот оларды қараудың нәтижелері бойынша қаулы шығарады.

Істі қарау іске қатысушылардың апелляциялық (жеке) шағымдарының, наразылықтарының себептері мен дәлелдерін білдіретін пікірлерін, оларға білдірілген қарсылықтарды ескере отырып олардың сөз сөйлеу ретін анықтаудан басталады. Егер айыптаушы тараптың шағымында, наразылығында сотталған (ақталған) адамның жағдайын нашарлату туралы мәселе қойылса, қорғаушы тарап айыптаушы тараптың сөзі тыңдалғаннан кейін сөйлейді.

Апелляциялық шағымдарда немесе наразылықта келтірілген дәлелдерді растау немесе теріске шығару үшін сөз сөйлеушілер істі қарау басталғанға дейін апелляциялық сатыға қосымша материалдар беруге құқылы. Қосымша материалдарды тергеу іс-әрекеттерін жүргізу жолымен алуға болмайды. Сотқа қосымша материалдар берген адам олардың

қандай жолмен алынғанын және оларды табыс ету қажеттігі неге байланысты туындағанын көрсетуге міндетті. Қосымша материалдардың қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы сот қаулы шығарады. Істің дұрыс шешілуі үшін маңызы бар қосымша тапсырылған материалдар, егер олардағы мәліметтер бірінші сатыдағы соттың қосымша тексеруі мен бағалауын керек етпесе, үкімді, қаулыны өзгертуге негіз болуы мүмкін. Өзге жағдайларда қосымша материалдар сот үкімінің, қаулысының күшін жойып, істі бірінші саты бойынша жаңадан қарауға жіберуге негіз бола алады.

Үкімнің күшін жоюға немесе оны өзгертуге негіздер мыналар:

- 1) сот тергеуінің біржақтылығы және толық еместігі;
  - 2) соттың үкімде (қаулыда) айтылған тұжырымдарының істің нақты мән-жайына сәйкес келмеуі;
  - 3) қылмыстық іс жүргізу заңының едәуір бұзылуы;
  - 4) қылмыстық заңның дұрыс қолданылмауы;
  - 5) жазаның қылмыстың ауырлығына және сотталғанның жеке басына сәйкес келмеуі
- бірінші сатыдағы сот үкімінің күшін жоюға не оны өзгертуге негіз болып табылады.

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. Апелляциялық өндірістің түсінігі
2. Апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттігі
3. Кассациялық өндірістің түсінігі
4. Кассациялық сатыдағы соттың өкілеттігі
5. Үкімнің күшін жоюға немесе оны өзгертуге негіздер

## **10-тақырып. Қылмыстық процестің ерекше сатыларында қабылданатын сот шешімдері**

**Түйінді сөздер:** қадағалау инстанциясы, қадағалау өндірісі, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта қарау өндірісі.

**Негізгі сұрақтар:**

1. Қадағалау өндірісі
2. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта қарау өндірісі

**Дәріс тезистері:**

Заңды күшіне енгеннен кейін:

- 1) бірінші сатыдағы соттардың үкімдері мен қаулылары;
- 2) апелляциялық және қадағалау қаулылары сот қадағалауы тәртібімен қайта қаралуы мүмкін.

Мемлекеттік және жеке айыптаушының айыптаудан бас тартуына байланысты соттардың ҚІЖК-нің 109, 110, 111-баптарында көзделген мәселелер бойынша істерді қосымша тергеу немесе жаңа сот қарауына жіберу туралы шығарған, заңды күшіне енген қаулылары сот қадағалауы тәртібімен қайта қарауға жатпайды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау сатысында ауыр емес қылмыстар туралы заңды күшіне енген үкімдері сот қадағалауы тәртібімен қайта қарауға жатпайды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасының қаулылары қабылданған қаулы адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының экономикасы мен қауіпсіздігі үшін орны толмас ауыр салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін екені туралы деректердің анықталуына байланысты ерекше жағдайларда қайта қаралуы мүмкін.

Істі тергеу немесе сотта қарау кезінде азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзуға жол берілуі не заңды дұрыс қолданбаудан:

- 1) кінәсізді соттауға;
- 2) орташа ауырлықтағы қылмыс, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыпталған адамға қатысты ақтау үкімін негізсіз шығаруға немесе істі негізсіз қысқартуға;

3) жәбірленушіні сот арқылы қорғалу құқығынан айыруға;  
4) сот тағайындаған жазаның қылмыстың ауырлығы мен сотталған адамның жеке басына сай келмеуіне ;

5) үкімді орындау тәртібімен заңсыз немесе негізсіз қаулы шығаруға әкеп соғуы заңды күшіне енген үкімдер мен қаулыларды қарауға негіз болып табылады.

Заңды күшіне енген сот актілері, егер:

1) сот актісі мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерді, мемлекет қауіпсіздігін қозғаса не адамдардың өмірі, денсаулығы үшін орны толмас ауыр салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін болса;

2) адам өлім жазасына сотталған үкім апелляциялық қарау нысанасы болмаса, қайта қаралады.

Өлім жазасы туралы заңды күшіне енген үкімдер де өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылғаннан кейін қайта қаралуы мүмкін.

Заңды күшіне енген үкімдер мен қаулыларға істерді қадағалау тәртібімен қайта қарауға өкілетті сотқа тікелей апелляциялық шағым беруге құқығы бар процеске қатысушылар шағым жасауы мүмкін. Заңды күшіне енген үкімдер мен қаулыларға:

1) Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры - облыстық және оған теңестірілген соттың қадағалау алқасына және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасына;

2) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасарлары - облыстық және оған теңестірілген соттың қадағалау алқасына ;

3) облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар - облыстық және оған теңестірілген соттың қадағалау алқасына наразылық келтіруге құқылы.

Наразылық осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген адамдардың өз бастамасы бойынша да, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген процеске қатысушылардың өтініші бойынша да білдірілуі мүмкін. Шағымды, наразылықты іс қадағалау сатысында қаралғанға дейін оны берген адам кері қайтарып алуы, наразылықты сондай-ақ жоғары тұрған прокурор кері қайтарып алуы мүмкін. ҚІЖК-нің 463-465-баптарында көзделген ережелер прокурордың наразылықтарына қолданылмайды және тікелей қадағалау сатысында қаралады. Бұл ретте қадағалау алқасы ҚІЖК-нің 459-бабында көзделген қадағалау тәртібімен істі қайта қарау негіздерінің бар-жоғы туралы мәселені шешеді, содан кейін прокурор наразылығын мәні бойынша қарайды. Аталған негіздер болмаған кезде қадағалау алқасы істі сот қадағалауы тәртібімен қайта қараудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

Сотталушының кінәсіздігі себептері бойынша, сондай-ақ неғұрлым жеңіл қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігіне, жазаның қатаңдығына байланысты немесе сотталушының жағдайын жақсартатын өзге де негіздер бойынша айыптау үкімін қадағалау тәртібімен қайта қарау мерзіммен шектелмейді.

Неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігі, жазаның жұмсақтығы себептері бойынша немесе сотталушының жағдайын нашарлататын өзге де негіздер бойынша істі қысқарту туралы соттың қаулысына, айыптау үкіміне, сондай-ақ ақтау үкіміне не істі қысқарту туралы соттың қаулысына шағым жасауға, наразылық білдіруге олар заңды күшіне енгеннен кейін алты ай ішінде жол беріледі.

Қадағалау шағымы, наразылығы оларды қайта қарауды жүзеге асыруға өкілетті сотқа жазбаша түрде беріледі. Шағымда, наразылықта іс жүргізу кезінде ҚІЖК-нің 459-бабында аталған қандай жолсыздықтарға орын берілгені және осы жолсыздықтардың шығарылған сот шешімдерінде қалай көрініс тапқаны көрсетілуі тиіс. Шағымға, наразылыққа шағым жасалып отырған сот шешімдерінің көшірмелері және шағымның, наразылықтың дәлелдерінің негізділігін қуаттайтын өзге де материалдар қоса берілуі тиіс. Егер шағым, наразылық қадағалау тәртібімен істі қайта қарауға өкілеттігі жоқ сотқа келіп түссе, ол оны осы шағым, қарсылық қаралуға жататын сотқа беруге тиіс. Заңды күшіне енген сот

шешімдеріне шағым берілуі, наразылық келтірілуі олардың орындалуын кідіртпейді, бұған ҚІЖК-нің 466-бабында көзделген жағдайлар кірмейді.

Қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы мынадай негіздер бойынша:

1) қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы ҚІЖК-нің 462-бабының талаптарына сай келмесе;

2) заңды күшіне енген осы сот актісіне қадағалау шағымын немесе прокурор наразылығын ҚІЖК-нің 460-бабына сәйкес шағым жасауға құқығы жоқ адамдар берсе;

3) қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы ҚІЖК-нің 461-бабының екінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін берілсе;

4) қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы оларды мәні бойынша қарағанға дейін кері қайтарып алынса;

5) қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы қадағалау сатысына ҚІЖК-нің 291, 292-баптарында белгіленген соттылық тәртібін бұза отырып берілсе;

6) қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы ҚІЖК-нің 458-бабына сәйкес сот қадағалауы тәртібімен қайта қарауға жатпайтын сот актілеріне берілсе, олар берген адамдарға қайтарылуға тиіс.

Қадағалау шағымын немесе прокурор наразылығын қайтаруға негіз болған кемшіліктер жойылған жағдайда оларды жалпы негізде қайта беруге болады.

Сот актісін қадағалау тәртібімен қайта қарау туралы қадағалау шағымы облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының тапсырмасы бойынша тиісті қадағалау алқасының үш судьясынан құралған сотта алдын ала зерделенеді және қаралады. Қажет болған жағдайда қылмыстық іс сұратылуы мүмкін. Қадағалау шағымы келіп түскен күннен бастап бір айдың ішінде, ал іс сұратылған жағдайда - іс келіп түскен күннен бастап бір айдың ішінде қаралады. Қадағалау шағымының алдын ала қаралатын күні туралы шағым берген адамға хабарланады, алайда оның келмеуі іс бойынша сот қадағалауы тәртібімен іс жүргізуді қозғау негізі бар немесе жоқ екендігі туралы мәселені шешуге кедергі болмайды.

Сот қадағалау шағымын алдын ала қараудың нәтижелері бойынша:

1) шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғау және қадағалау шағымын қылмыстық істі сұрата отырып қадағалау сатысында қарау туралы;

2) шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғаудан бас тарту туралы;

3) қадағалау шағымын қайтару туралы қаулы шығарады.

Соттың қадағалау шағымын алдын ала қарау нәтижелері бойынша шығарған қаулысында:

1) қаулының шығарылған күні мен орны;

2) қадағалау шағымын қараған және қаулы шығарған тиісті сот судьяларының тегі мен аты-жөні;

3) дау туғызған сот актісін көрсете отырып қаулы шығарылған іс;

4) қадағалау шағымын берген адам;

5) қадағалау шағымында келтірілген дәлелдер;

6) шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғаудың немесе одан бас тартудың не қадағалау шағымын оларды берген адамдарға қайтарудың негіздері;

7) осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген шешімдердің бірі көрсетілуге тиіс.

Қадағалау шағымын алдын ала қараудың нәтижелері бойынша шығарылған қаулының көшірмесі қадағалау шағымын берген адамға жіберіледі.

Қадағалау сатысы шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғау туралы соттың қаулысын алғаннан кейін тараптарға қадағалау шағымының көшірмесін, сот отырысын өткізу күнін, уақытын, орнын көрсете отырып, істің қадағалау сатысында қаралуы туралы хабарлама жібереді. Қадағалау сатысындағы іс

қадағалау іс жүргізуін қозғау туралы қаулымен бірге іс қадағалау сатысына берілген не прокурор наразылығы келіп түскен күннен бастап бір айдың ішінде қаралуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Бас Прокуроры істі сұратып алумен бір мезгілде сот үкімінің, қаулысының орындалуын қадағалау тәртібімен тексеру үшін үш айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

Қадағалау сатысының сот отырысы төрағалық етушінің қандай сот шешімі және кімнің шағымы (наразылығы) бойынша қайта қаралып жатқаны, сот құрамына кімдердің енетіні және сот отырысы залында іс жүргізуге қатысушылардың қайсысы келіп отырғаны туралы хабарламасымен ашылады. Істі қараудың уақыты және орны туралы тиісінше хабардар етілген шағым (наразылық) берген адамның болмауы сот отырысын жалғастыру мүмкіндігін теріске шығармайды. Прокурордың қадағалау сатысының сот отырысына қатысуы міндетті.

Мәлімделген наразылықтар мен өтініштер шешілгеннен кейін сот тыңдауды жалғастыру туралы не оны кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды. Сот істі тыңдауды жалғастыру туралы шешім қабылдаған кезде төрағалық етуші қадағалау шағымын (наразылығын) берген процеске қатысушыға сөз береді. Егер мұндай қатысушылар бірнешеу болса, онда олар өздері ұсынған сөз сөйлеу кезектілігін соттың назарына салады. Егер олар өзара келісімге келе алмаса, онда сөз сөйлеу кезегін сот белгілейді. Шағым (наразылық) беруші адам, өз пікірі бойынша, шағым жасап отырған шешімнің заңсыз, негізсіз, әділетсіз болып табылатыны туралы дәйектері мен дәлелдемелерін айтып береді. Онан соң төрағалық етуші процестің өзге қатысушыларына сөз береді. Егер шағымды қорғанушы тарап берген болса, онда алғашқы сөзді оның өкілдері болып табылатын процеске қатысушылар алады. Олардың сөз сөйлеу тәртібі өздерінің қол жеткізген уағдаластыққа сәйкес ондай уағдаластық болмаған жағдайда соттың шешімімен белгіленеді.

Егер шағымды (наразылықты) айыптаушы тарап берген болса, онда оның өкілдері бірінші болып сөз алады, онан кейін төрағалық етуші сөзді процестің басқа қатысушыларына береді.

Істі қадағалау тәртібімен қараудың нәтижесінде сот ҚДЖК 370 және 373-баптарының талаптарын сақтай отырып кеңесу бөлмесінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) шағымды (наразылықты) қанағаттандырусыз қалдырады не істі сот қадағалауы тәртібімен қайта қараудан бас тарту туралы қаулы шығарады;

2) апелляциялық және қадағалау сатыларының үкімі мен қаулысын өзгертеді;

3) үкімнің және барлық бұдан кейінгі шешімдердің күшін жояды және істі жаңадан сот қарауына жібереді;

4) үкімнің және кейінгі барлық қаулылардың күшін жояды және істі қысқартады;

5) соттың үкімін өзгертіп немесе оны өзгеріссіз қалдыра отырып апелляциялық және қадағалау тәртібімен шығарылған қаулылардың күшін жояды;

6) апелляциялық сатыдағы соттың үкімі мен қаулысын өзгеріссіз қалдыра отырып қадағалау сатысы шешімдерінің күшін жояды.

Істі қадағалау тәртібімен қарау кезінде үкімнің күшін жоюға немесе оны өзгертуге ҚДЖК 412-бабында көрсетілген мән-жайлар негіз болып табылады.

Бірінші, апелляциялық және қадағалау сатыларындағы соттардың қаулылары, егер осы қаулымен бірінші сатыдағы сот заңсыз және негізсіз шешім қабылдаған не алдыңғы қаулыларды немесе іс бойынша үкімнің жоғарыда тұрған сот заңсыз және негізсіз күшін жойған немесе өзгерткен деп танылса, не егер істі жоғары тұрған сотта қаралуы кезінде қабылданатын шешімнің дұрыстығына әсер еткен немесе әсер етуі мүмкін болған заңды елеулі бұзуға жол берілсе, күші жойылуға немесе өзгертілуге жатады. Егер қадағалау тәртібімен істі қарау кезінде істі заңсыз қысқартуға немесе сотталушыға жазаны жұмсартуға жол берілген болса, жоғары тұрған қадағалау сатысы төмен тұрған қадағалау сатысы қаулысының күшін жоюға және бірінші сатыдағы соттың үкімін, апелляциялық қаулысын өзгертіп немесе өзгеріссіз күшінде қалдыруға құқылы. Істі қадағалау тәртібімен қарайтын сот сотталғанға тағайындалған жазаны жеңілдете алады немесе онша ауыр емес

қылмыс туралы заңды қолдана алады. Сот сондай-ақ, егер прокурордың наразылығында немесе жәбірленуші мен оның өкілінің шағымында көрсетілсе, сотталғанға тағылған айып шегінен шықпай неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдануы не жазаны күшейтуі мүмкін. Қадағалау сатысындағы соттың сот талқылауының нысанасы болмаған фактілерді анықтауға немесе дәлелденген деп есептеуге құқығы жоқ. Іс жаңадан қарауға жіберілген жағдайда қадағалау сатысындағы сот айыптаудың дәлелденгені немесе дәлелденбегені туралы, қандай да болмасын дәлелдердің ақиқаттығы немесе ақиқат еместігі туралы және бір дәлелдердің екіншілерінен артықшылығы туралы, бірінші сатыдағы соттың қандай да болмасын қылмыстық заңды қолдану туралы және жаза шарасы туралы мәселелерді шешуге, сондай-ақ сот жасауы мүмкін қорытындыларды шешуге құқылы емес. Істі қарайтын сот қадағалау шағымдарын берген адамдарға қатысты да, сондай-ақ олардың жағдайларын нашарлатпау шартымен іс бойынша барлық сотталғандарға қатысты да сот үкімінің заңдылығын, негізділігін және әділдігін толық көлемінде тексереді. Сот жағдайды нашарлататын шешімді тек прокурордың наразылығында немесе жәбірленуші мен оның өкілінің шағымында көрсетілген сотталғандарға қатысты ғана қабылдауға құқылы. Сот сотталғанның жағдайын оның қадағалау шағымы бойынша нашарлатуға құқылы емес.

Қадағалау сатысындағы соттың қаулысы осы Кодексте апелляциялық қаулы үшін белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс. Қадағалау сатысындағы соттың қаулысына іс бойынша шешім қабылдаған барлық судьялар қол қояды.

Қадағалау тәртібімен сот үкімінің немесе қаулысының күші жойылған соң іс жалпы тәртіппен қаралуға жатады. Істі тиісінше бірінші, апелляциялық қадағалау сатысындағы сот қараған кезінде жазаны күшейтуге немесе мейлінше ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға, егер алғашқы үкімнің немесе қаулының қадағалау тәртібімен жазаның жұмсақтығына орай немесе неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігіне байланысты күші жойылған, сондай-ақ егер үкімнің күші жойылған соң істі жаңадан тексеру кезінде айыпталушының басқа да неғұрлым ауыр қылмыстар жасағандығын айғақтайтын жағдаяттар анықталатын жағдайда ғана жол беріледі. Бірінші сатыдағы соттың шығарған үкіміне істі жаңадан талқылау кезінде шағым жасалуы және жалпы тәртіппен наразылық білдірілуі мүмкін.

Апелляциялық тәртіппен немесе қадағалау тәртібімен бұрынғы үкім мен қаулының күші жойылуына байланысты шығарылған қайталама үкімге немесе қаулыға шағым, наразылық соттың бірінші үкімінің немесе қаулысының күшінің жойылу себептеріне қарамастан жалпы негіздерде мәлімделуі (енгізілуі) мүмкін.

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. Қадағалау өндірісі
2. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта қарау өндірісі